Ақселеу Сейдімбек қазақтың ауызша тарихнамасы арқылы бізге жеткен көшпелілер өркениетінің тағы бір ерекшелігін «оның өзімен жапсарлас жатқан өңірлерге әсер етуі, соның арқасында әйгілі мәдени ошақтардың дүниеге келуі» – деп біледі. Ғалымның пайымдауынша, Заратуштра (За-

роастризм), Будда (Буддизм), Яхуда (Иудаизм), Мұхаммед (Ислам) сияқты тұлғалар бастамашы болып, негізін салған Әлемдік діндердің көшпелілер мекенімен шекаралас өңірлерде дүниеге келуін кездейсоқтық деп қарауға болмайды. Оның ойынша, осы Әлемдік діндер өз бастауын Тәңірлік (Тенгрианство) діннің өзекті қағидаларынан алады. Ғалымның бұл тұжырымы ақиқаттан алшақ емес, ол қисынды және сол заманның болмысымен де үндесіп жатыр. Өйткені, сол замандағы Тәңірлік дін мазмұны түптеп келгенде, біздің Тәңірлік дін туралы парасатсыз пайымдарға негізделген бүгінгі түсінігімізден өзгеше болатын. Ол адам баласының өзі өмір сүрген табиғи ортамен үндесе отырып, уақыт пен кеңістікті игеруге ұмтылған алғашқы таным түсініктен туған сенім еді. Сондықтан да Тәңіршілдік көшпелілердің негізгі ұстанымы, өмір сүруінің кепілі болды, кейін өмір салтына айналып, саналарына сіңісіп, бүкіл әдет-ғұрыптарына да әсер етті, немесе, олардың өзегін құрады. Оның кейбір белгілері осы заманға дейін қазақ қауымында сақталған. А.Сейдімбек Еуразия көшпелілерінің соңғы тұяғы болып табылатын қазақтардың күні бүгінге дейін таң атқаннан-күн батқанға дейінгі уақыт аралығын: таң, сәске, түс, екінді, ақшам – деп беске бөлетінін және бұл түсініктің кейін Яхуда дініне, одан соң Ислам дініне ауысқандығын қисынды дәлелдей отырып, біздің мұсылманның парызы ретінде оқып жүрген бес уақыт намазымыздың орнығуына себепші болған [5, 149 б.] – деген пікір білдіреді.

Жалпы алғанда, ғалымның пайымдауынша, уақыт пен кеңістік туралы белгілі бір таным-түсінік қалыптастырмай тұрып, көшпелі өмір салтты, оның сыры мен қырын түсіну мүмкін емес. Көшпелілер болмысы, оларға табиғатқа, оның құбылыстарына назар аударып қана қоймай оны жетік игеру қажеттілігіне мәжбүрледі және өз білгендерін ұрпақтарына мирастау дәстүрін қалыптастырды. Себебі, бір жыл ішінде күн мен түннің теңесетін мерзімдерін білу, сол бір жылдың төрт маусымының ерекшеліктерімен санасу көшпелілер үшін өмір сүрудің қажеттілігі болған. А. Сейдімбек бір жылдың он екі айға бөлінетініне қатысты таным-түсініктің де бастауында басқалармен қатар көшпелілер тұрған деп топшылайды. Ғалымның бұл ойы да негізсіз емес. Өйткені, отырықшы елдер үшін бағзы замандарда маңыздысы жаз бен күз болған, көктем-өлара уақыт, ал қыс өлі мезгіл, іс-әрекеттердің саябырлайтын, тіпті тоқтайтын мезгілі (мертвый сезон). Отырықшы елдер егін егу т.б. әрекеттерін жазда бастайды да, күзде соның нәтижесін көреді, қажеттеріне пайдаланады. Сонан соң келесі осы уақыттарға дейін дамылдайды. Бұл тұрғыдан алғанда олар жаз бен күзге тәуелді.

Ал шаруашылығы (мал бағу) үнемі қозғалысты қажет ететін көшпелілер, жылды төрт маусымға ғана бөлмей, оның әрқайсысын табиғаттың құбылуы мен өзгерістеріне қарай үш-үшке бөліп, кезеңдеп отырған. Мысалы, қоңыр күз, сары ала күз, қара күз, немесе, қыстың басы, қыстың ортасы, қыстың аяғы т.б. Осы жерде дана Абай еріксіз еске түседі. Айта кеткеніміз жөн, әлем ақындарының ішінде біздің Абайдай жылдың төрт мезгілін нақты атап, оларға арнап өлеңдер жазған ақындар кем де кем, бәлкім жоқ. Абайдың: Қыс,

Күз, Жаз, Жазғытұрым деген атаулармен өлеңдер жазғаны белгілі. Абай шығармаларынан осы аталған айларды кезеңдеудің де үлгісін кездестіреміз. Ол өзінің бір өлеңінде:

«Қараша, желтоқсанмен, сол бір екі ай,

Қыстың басы, бірі ерте, біреуі жәй

Ерте барсам, жерімді жеп қоям деп,

Ықтырмамен күзеуде отырар бай» [6, 77 б.] – деп, қазақ болмысын жан-жақты суреттеп қана қоймай, қазақ танымындағы айларды да кезеңдеп берген.

Ғалымның ауызша тарихнама арқылы бізге жеткен көшпелілер ерекшеліктеріне қатысты тағы бір тұжырымы: көшпелілердің Жер-Ананы тіршілікке қолайлы «өндіріс құралы» ете білуі. Көшпелілер үшін Жер-Ана шын мәнінде тіршілік көзі, тіршіліктерінің тірегі. Сондықтан, қозғалмалы күн кешетін көшпелілер үшін Жер-Ананы «өндіріс құралы» етпей және онымен үндеспей, экосистемамен мінсіз үйлесім таппай, өмір сүру мүмкін емес. Алайда, олар төрт түлікті ел-халық игілігі ету үшін аман сақтау, еселеп көбейту, материалдық және рухани игіліктер қалыптастыру, уақыт пен кеңістіктің тылсым сырларын қапысыз игеру арқылы өздерінің ешкімге ұқсамайтын өмір салтын, төлтума мәдениетін қалыптастырды және орнықтырды.

А. Сейдімбектің ауызша тарихнамасына сүйенсек қазақ халқы табиғатпен үндесе отырып мал шаруашылығын игерудің биік шыңына шыққан. Осы үрдіс барысында шыңдалған тек шаруашылық емес, соған сәйкес «адам сапасы» да артқан, адамдар да шыңдалған. Бұл шыңдалу тек бір бағытта – физико-физиологиялық бағытта ғана емес, адамдардың қабілет күші, ақыл-парасатының кемелденуі тұрғысынан да жүрді. Міне, осы жағдаяттар біздің бабаларымыздың ұсақталмауына, күншіл, міншіл болмауына, алды кең, арты майса болып өмір кешуіне мүмкіндік берді. Бойларына намыс, ар қалыптап рухты етті, саналарына иман мен ұят сіңірді. Қазақтың: «малым жанымның садақасы, жаным арымның садақасы», немесе, Абайдың: «ұят кімде болса, иман сонда» [7, 121 б.] - деуі осы шындықты бекіте түсетін айғақты дәлел.

Көшпелілер менталитетінің басты ерекшеліктері

Көшпелілер қоғамындағы «адам сапасының» тарихи-әлеуметтік сыр-себебі, қоғамдық тетігі, менталитетінің басты ерекшеліктері дүниетанымдық тұрғыдан арнайы зерттеу объектісі болған емес. А. Сейдімбек осы мәселені жан-жақты зерттеу объектісі еткен алғашқы зерделі зерттеуші. Ол көшпелілер қоғамын зерттеуші ретінде мынадай сұрақтарға жауап іздейді: Ұлы Далада еркін де, ерікті тіршілік еткен көшпелілердің еркіндігі егесуге, азаттығы алаңғасарлыққа ұласып кетпеуінің себебі неде; қалайша далалықтар арасында өлім жазасы, тән жазасы, абақтысы болмаған; қалайша байтақ даланы мекен еткен көшпелілер өздерінің, этномәдени тұтастығын сақтай білген; неге көшпелілер өзінің дәулет-мұрасын балалары мен қонағына бөліп беріп отырған; неге сал-серілерін еркінсіткен, еркелеткен; неге олардың

беделді адамдары мен ақын-жыраулары ханнан да қаймықпай сын айтқан; неге көшпелілер қоғамындағы адамдар тек қана өздерінің қабілетіне қарай еңбек етіп, тірлік жасаған; неге адам мен қоғам тағдырын шешетін бас тұлға-билер сайланып қойылмай, халық арасынан сұрыпталып шығады; неге әрбір көшпелі өзінің Жеті Атасына дейін біліп, Жеті Атаға дейін қыз алыспайды? Ғалымның ойынша, осы және басқа да тек көшпелі өмір салтын ұстанушыларға тән менталділік (ділдік) ерекшеліктерге жауап іздеп таппайынша біздің көшпелілер болмысын, көшпелілер мәдениетін, көшпелілер феноменін түсінуіміз де толық болмақ емес. Ғалым-зерттеушінің пайымдауынша, бұл тұрғыдан алғанда, біз бір шындыққа, шынайы ақиқатқа назар аударуымыз керек. «Ол – көшпелілер қоғамы үшін ғасырлар сынынан өткен салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпының сол қоғам өмірін реттеуде, үйлестіруде ұлы міндет атқарғандығы» [3, 35 б.].

Тарих тағылымы көрсеткендей кез-келген қоғамның, ұлттық рухани биіктігі, мәдени деңгейі олардың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарының мүдделерімен үндесіп, өмір-салттарының шыңдалуына қызмет етіп отыруында. Ұлтымыздың шежіресі мен тарихи жады сана сергектігін қамтамасыз етті. Сондықтан жоғарыдағы сұрақтардың жауабын ұлтымызға тән осы менталитетпен түсіндіруге, танып-білуге болады. Осы тұрғыдан алғанда шежірешілдікті, ауызша тарихнаманы «көшпелілер болмысы тудырған қажеттілік»– деген А.Сейдімбек пікірі негізсіз емес. Шежіренің, ауызша тарихнаманың арқасында қазақ халқы өзінің Жеті Атаға дейінгі туыстықтарын ғана ажыратып қоймай, жекжат-жұрағаттарын да білді, ұлан далада жүрген олар, жол бойында кездескендерді де жатсынған жоқ, олармен бейне бір ескі таныстарындай құшақ жая амандасты, сұраса келе «қарын бөле» болып жатты. Жолшыбай кездескен ауылға, өз туысының, немесе, танысының үйіндей еркін түсіп, түстеніп, болмаса қона жатуы да дала тіршілігінің, дала өмір-салтының жазылмаған ережесі болған. Шетсіз-шексіз Дала, көшпелі өмір социумның ерекше қарым-қатысын қалыптастырды, ол адамдардың бірін-бірі жатсынбай, біріне-бірі арқа сүйеп қана өмір сүру қажеттілігі еді. Осы қажеттілікті терең сезінген көшпелілер «адамның күні - адаммен» деген қағиданы тіршіліктеріне тірек етті. Сондықтан да, әрбір қазақ үшін Жеті Атасын білу, туыстық-қандастық жүйені тарата білуді өмір сүрулерінің нормасы, моральдық-этникалық өлшем деп білген. Жеті Ата көшпелілер үшін қорғаныс тетігі болып табылады, бұл дәстүрді бұзғандар ұлттық қорғаныс тетігін бұзушылар, немесе, оған нұқсан келтірушілер ретінде қатаң жазаланған.

Бұны біз өткен заман әдебиеті арқылы бізге жеткен «Еңлік пен Кебек», «Қалқаман мен Мамыр» дастандарынан білеміз. Олар осы қағиданы сақтамағандықтарынан өлім жазасына кесіліп, қатаң жазаланды. Кешегі Кеңес үкіметі тұсында ұлтымыздың осы дәстүрін «жабайылық» деңгейіне дейін түсіріп, олардың осылай жазалануларын орта ғасырлық феодалдық ескіліктің сарқыншағына негізделген дәстүрдің құрбандары деп түсіндірді. Бұл ұлт болмысын, ұлттың менталитетін түсінбеу, немесе, оны әдейі

құбыжықтардың әрекетіндей етіп көрсету арқылы жас ұрпақты ұлттық дәстүрінен алшақтатып, ұлт болмысын өзгертіп, өз мақсаттарына қол жеткізу болатын. Ол мақсаттары орындалып, жылдар өте келе ұлттық дәстүр-салтымыз мансұқталып, ұлттық болмысымыз айтарлықтай өзгерді. Оның салдары, әсіресе, ұлттық тәрбиеге орасан зор әсер етіп, қазіргі жаһандану заманында жастарымыз санасын басқа арнаға аударып қана қоймай, әр түрлі жолдармен ұлттық нигилизмге бастауда.

Зерттеуші Ақселеу Сейдімбек өз еңбектерінде Жеті Ата қағидасының ұлтымызды ұйыстырудағы ролін ерекше атап өтеді. Жеті Атадан әріге ұзатылатын қыз ру аралық қандастық пен жекжаттыққа жол ашып, кейін жалпы қазақтың Жеті Ата дәстүрі жүз бен жүздің, тайпа мен тайпаның, ру мен рудың арасын жақындастырып, ажыратпай ұстап тұрған тетіктердің бірі ғана емес, бастысы болғанын айтады. Бұл сонымен бірге ең мәнді мәдени-рухани тұтастықты да қамтамасыз ететінін атап өткеніміз жөн. Өйткені, «әрбір ұзатылған қыз өзі шыққан ортаның тілін, дәстүрін, ән-күйін, аңыз-әңгімесін, қол өнерін, тағам дайындау тәсілін, моральдық-этикалық нормаларын т.б. келін болып түскен ортаға дарытып отырған. Бұл ретте, қазақ халқы өзінің этно-мәдени тұтастығы үшін ең алдымен қыздарына қарыздар. Қазақ жігіттері елінің амандығын, жерінің бүтіндігін ат жалында жүріп қорғаса, қазақ қыздары тал бесікке асылып отырып-ақ ұлттың мәдени-рухани тұтастығын қамтамасыз еткен» [3, 38 б.].

Қазақтың Жеті Атаға қатысты таным үрдісін ауыз екі тілде айтылатын «жеті атасын білмеген жетесіз» деп, өзіңнің жеті буыныңды білу, немесе, қыз алысып, қыз берісу десек ол жалаң түсінік, ұшқары ой болар еді. Қазақтың Жеті Аталық үрдісі ұлтымыздың бүкіл рухани-элеуметтік болмысының мазмұнын құрайтын ерекше құрылымдары: әдет-ғұрыптары, салт-сауықтары, дәстүрлері, моральдық-этикалық ұстанымдары тағы басқалары түрінде өзгелерден өзгеше өмір салтын да орнықтарды.

Басқасын айтпағанда, қазақтарға қатысты бір ғана туыстық қарым-қатысты шолып өтсек оған толық көз жеткіземіз. Біріншіден, қазақтар арасындағы туыстық қатынастармен қазақ шежіресінің айналасында ажырамастай диалектикалық байланыс бар; екіншіден, қазақтардың шежірешілдігі құрғақ хронология да, өмірден өткен адамдардың аттарының құр тізбегі де емес, ол туыстық байланыстарды саралауға негіз болатын да «құжат», ауызша тарихнама. Зерттеуші қазақ шежіресінде туыстықты «үш жұрт» арқылы саралайтынын айта келіп, оларды: өз жұртың; қайын жұртың; нағашы жұртың – деп бөледі. Ал бұл жұрттар өз кезегінде басқа туыстық атауларға бөлінеді. А.Сейдімбек шежіре арқылы бізге жеткен осы туыстық қарым-қатынастардың атын атап, түсініп, тіпті туыстық, немесе, туысатын тұстарын жан-жақты және нақты көрсетіп береді. Ғалымның бұл дәлелдерінен кейін бүкіл қазақ халқының туыстығына, немесе, жоғарыдағы «жұрттар» арқылы туысып, «қарға тамырлы қазаққа айналатынына көз жеткізесің». Ендеше, қазақ жұртына танымал Балқы Базар жыраудың:

«Атамыз алыс болғанмен,

Жамиғы қазақ бір туған» [8, 124 б.] - деп жырлауы да тегін болмаса керек.

А. Сейдімбек өз еңбектерінде жоғарыда аталған үш жұрттан басқа: жиен жақ бойынша, неке құруға байланысты және құда-құдандылыққа қатысты туыстық атауларды көрсетіп, оларды да жіктейді. Нәтижесінде зерттеуші оқырмандар мен бұл тақырыпқа қызығушылық танытушыларға көшпелі қазақтардың өз бастауын бағзы заманнан алатын, мән-мазмұнын жоймай бүгінге дейін жеткен туыстықтары мен туыстық атауларының төмендегідей түрлерін көрсетеді:

- жеке адамның өз жұрты бойынша туыстық атаулары;
- нағашы жұрты бойынша туыстық атаулар;
- қайын жұрты бойынша туыстық атаулар;
- жиен жақ бойынша атаулар;
- неке құруға байланысты атаулар;
- құда-құдандалыққа байланысты атаулар.

Өзара қарым-қатыста, осы туыстық бірліктің әр қайсысына қатысты сақталатын өзіндік жөн-жосығы болған. Ол сәлемдесуден бастап, олардың қонақ ретінде отыратын орындарына, тіпті көне қазақ салты бойынша желінетін асты рет-ретімен ұсынуда (*көбіне арнап сойылған қойдың жіліктерін*), сый-сыяпат көрсетіп, қаделер беруде, күтіп алу мен шығарып салуда тағы басқа қарым-қатыста қатаң сақталған. Ал олар сақталмаған жағдайда ел-халық ол жанұя мүшелері туралы да, жекелеген адам туралы да жағымсыз пікір білдірген. Сөйтіп, туыстық қарым-қатыстар нормасын сақтау таза моральдық-этикалық категориялар шеңберінен шығып, қоғамдық өмірді реттейтін заң, кодекс деңгейіне дейін көтерілген, барша өмір-салтты қапысыз реттеп отыруға қызмет еткен.

Алайда, ел-халық осы нормаларды бұзғандарды барлық уақытта тікелей жазалай бермеген, оларды өз орталарында жатсынып, сол қылықтары «ел қалыбынан шыққан», «ата салтын аттаған», «қара бет», «жетесіз», «мәңгірт» тағы басқадай атпен атап, ортадан оқшау қалдырып отырған. Ол кездегі көшпелі қоғамның тәрбиесін көрген, «жеке жүріп жол тапқанша, көппен жүріп адас» деген қағиданы ұстаным еткен жеке адамдар үшін де оның туысқандары үшін де бұдан ауыр жаза жоқ болатын. Өйткені ол тұста: «Құдайдың қарғысына ұшырасаң да, халықтың қарғысына ұшырама», «Малым – жанымның садақасы, жаным – арымның садақасы» - дейтін әлеуметтік ортада тәрбиеленген әрбір қоғам мүшесі үшін сол ортадан оқшаулану жазаның ең ауыры болатын. Көпшіл болу, ағайын-туысты жатсынбау, олардан ажырамау Жеті Ата жөн-жосығымен өскендер үшін жазылмаған ереже еді. Қазақтың: «Жеті атасын білген ұл – жеті жұрттың қамын жер, өзін ғана білген ұл – құлағы мен жағын жер» – деген сөзі осы ұстанымға негізделген болса керек. Жеті Ата жүйесінде сол рудың амандығы – елдің амандығы, рудың жетістігі – ел мерейі болып отырған.

А. Сейдімбектің пайымдауынша, бір идеологиялық ұстаным мен сонан туындайтын саясат астында жазылған жылнамалар мен қабылдан-

ған құжаттарға қарағанда, Даланың ауызша тарихнамасы өзіне тән объективтілігімен ел назарын аудартады. Ғалым-зерттеуші соңғы ғасырларда шежіре жүргізген жеке адамдар мен қожа-молдалар ауызша тарихнамаға тән осы объективтілікке зор нұқсан келтіріп, кейбір тұста оны ақиқаттаналшақтатқандығын қынжыла атап өтеді. Кейін оларға қосылып, еркін қазаққа отаршылдықтың тұзағын тастап, Ислам дініндегі: «Құдай - бір, патшанікі - уәжіп» деп уағыз айтып, «Құдайдың бар екені рас болса, патшаның айтқаны заң» деген мазмұндағы насихаттар жүргізген [3, 43 б.]. Айтса айтқандай, дін жолындамыз деп жүріп, осындай қисынсыз әңгіме айтып жүргендер бүгін де арамызда баршылық.

Жоғарыда біз А. Сейдімбек еңбектеріне сүйене отырып, тек кейбір тұстарын баяндаған классикалық тұрғыдағы көшпелі өмір салты бұл күндері тарих қойнауына кетті. Онымен бірліктегі әлеуметтік құрылымдар да бұл күндері тарих еншісіне айналды. Ал халқымыз болса ел Тәуелсіздігіне қол жеткізіп, дамудың жаңа сатысына қадам басты. Алайда шежіре, қазақтың ауызша тарихнамасы, біздің ұлтымыздың төл тарихының бір кезеңі. Ендеше, біздің өзіміз де, келер ұрпақ та оған бейтарап қарамағанымыз жөн. Керісінше, біздің бұрынғы әлеуметтік құрылымымызды, рухани-мәдени үрдістерімізді, салт-дәстүрлерімізді жабайылыққа балаған, Кеңес дәуірінің ұстанымының дәйексіздігін дәлелдеп, оның тарихи-танымдық, әлеуметтік, мәдени-рухани сырлары мен қырларын ашып, таным-тағылымдық тұжырымдар жасап, келер ұрпаққа бабалар тәжірибесін шынайы ақиқат тұрғысынан жеткізуіміз керек.

Бүгінгі зерттеулеріміз Империялық пиғылдағы Патша үкіметінің негізгі мақсаты ұйысқан ұлтымызды әр түрлі қитұрқы саясатпен бөлшектеп, 1822 жылғы Хандық билікті жою сияқты жарлықтар нәтижесінде ел басқару үрдісіміздің қалыптасқан түрін, мазмұнын жойғанымен, көшпелілердің ғасырлар бойы қалыптасқан, ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан тұтастығын, ынтымақ-бірлігін жоя алмады. Бірақ, бүгінгі заман көзімізді жеткізіп отырғанындай кейінгі ұрпағымыз бойында құлдық сана қалыптастырып, бұрынғы ұлттық рухын әлсіретіп, намыс-жігерін жасытып рухани тұрғыдан орасан зор соққы берді. Онан біз әлі де арыла алмай келеміз.

Соған қарамастан бұл әділетсіз әрекеттер көшпелілердің қайсар ұрпақтарының этномәдени тұтастықтарына тосқауыл бола алмады, халқымыздың этникалық жады да түбегейлі жойылған жоқ. Ендеше, алдағы уақыттарды осы құндылықтарымызды қайтару бағытында кешенді жұмыстар жүргізілуі уақыт талабы. Біздің аға ұрпақ өкілдері бөгде санамен өмір сүрді, бөгде, ұлттық емес идеология, абстрактілі-интернационализм – ұлтқа қатынастының бәрін «ұлтшылдық», «ұлт шеңберімен шектелушілік» – деп жазғырып, бұрынғы ұрпақ өкілдері бойында күштілердің айтқанына бас изей беретін құлдық сана қалыптастырды. Тәуелсіз мемлекеттің жас ұрпақтары бұдан азат болуы керек. Бұл тұрғыдан алғанда, көшпелілерге тән еркіндік пен азат ойдың жас ұрпақ санасы мен дүниетанымын қалыптастыруда үлгілі жағы мол.

Қазір билік аузымен ұлттық бірлік мәселесі көп айтылады. Саналы адамдардың бәрі оны қолдаулары керек. Алайда, бұрынғы ата-бабаларымыз өз бірліктерін қалай, қайтіп қалыптастырған, тарихи жадымызды тірілтіп, сол заманға да көз жүгіртелікші. Қазақ әлеуметі әуел баста рулық тұрғыдан қауымдасып бірікті, қонысын анықтады. Оны-Ата қоныс деп атады. Жеке адам мүддесінен, жалпы ру мүддесі жоғары тұрды, «у ішсең руыңмен» дейтін қазақ, өз мүддесінен жұртшылық мүддесін жоғары қойды. Қазақтың балаларына, ағайын туыстарына олар әртүрлі әбестіктер жасағанда «сендер ел болмайсыңдар, жұрт болмайсың» деп ұрысуы осыны білдірсе керек. Сондықтан, бүгінгідей қарақан басының қамын ойлау ол тұста айып болып саналған. Не болса да жалпы елмен бірге көресін, «көппен көрген – ұлы той». Жоғарыда айтылған «у ішсең, руыңмен» деген тәмсілдің қысқаша мән-мазмұны осындай. Ал бүгінгі күні біз Егемен, Тәуелсіз елміз. Мемлекет құраушы ұлт – қазақ. Ел Тәуелсіздігі, ел бірлігі, еліміздің жетіле дамуы алдымен, біздерге, қазақтарға, сонан соң Қазақстанның барлық азаматтарына керек. Алайда, басты жауапкершілік қазақтарда. Олай болса, ендігі жерде әр қайыссымыз парасат биігінен пайымдап, «у ішсең – ұлтыңменен» десек, оның ешқандай сөкеттігі жоқ. Бұл ұлтшылдық емес – ұлтыңды сүю, Отаныңды сүю. Басқа ұлттар мен ұлыстардан бөлектену де, оқшаулану да емес, керісінше, мемлекет құрушы этнос ретінде күшею, бірігу, ынтымақтасу, өз жауапкершілігінді сезініп, елді бірлікке, берекеге шақыру. Абайдың: «біріңде қазақ, бірің дос, көрмесең істің бәрі бос» [6, 89 б.] – деуі де осы ұстанымға негізделген.

Қорытынды

Ойымызды қорыта айтар болсақ, жоғарыда Абай айтқан биіктен көрінуіміз үшін біз тарихи жадымызды тірілтіп, тарихи санамыздың деңгейін көтеруіміз қажет. Осы тұрғыдан алғанда үлкен тарихымыздың бір бөлігі көшпелілер үлгісінің бізге берері аз емес. А.Сейдімбек бұл туралы: «Тарихын білмеген адамның рухы солғын, патриоттық сезімі төмен, идеалы күйкі болады... мұндай мемлекеттің ғұмыры ұзаққа бармайды. Өйткені, бұрын «жеті атасын білмейтін ұл жетесіз» десек, бүгін «жеті ғасырын білмеген ел жетесіз» дейтін заманда өмір сүріп отырмыз» [3, 46-47 бб.] – дейді. Нақты, негізді айтылған пікір, дұрыс ұстаным.

Ұлы Даланың аузша тарихнамасы бүгінгі біздің ұлтымыз үшін де, Тәуелсіз мемлекетіміз үшін де зор мән-маңызы бар танымдық та, тағылымдық та мазмұнға ие құнды рухани мұра. Осы мұраны жан-жақты, жеріне жете зерттеген «көшпелілердің төлтума мәдениеті», «көшпелілер өркениеті» сияқты категориялық ұғымдардың айқындалуына және орнығуына тегеуірінді үлес қосқан Ақселеу Сейдімбектің шығармашылығын жалпы дүниетанымдық, көзқарастық тұрғыдан зерттеу тек философтар үшін ғана емес, жалпы қоғамдық-гуманитарлық білім салалары үшін, олардың білімдері мен таным көкжиегін кеңейту үшін де маңызды.

Әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. Т. 8. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2006. – 704 б.

2 Шахматов В.Ф. Казахская пастбищно-кочевая община. – Алма-Ата, 1964. – 207 с.; Мұқанов С. Халық мұрасы. – Алматы, 2005. – 303 б.; Толыбеков С.Е. Кочевое общество казахов в XVIII-начале XX века. Степи Евразии в эпоху средневековья. – М., 1981. – 633 с.; Кшибеков Д. Кочевое общество (генезис, развития, упадок). – Алма-Ата, 1984. – 238 с.; Кішібеков Д. Қазақ менталитеті (кеше, бүгін, ертең). – Алматы, 1999. – 200 б.; Акатаев С.Н. Мировоззренческий синкретизм казахов. – Алматы, 1993.; Взаимодействие кочевых культур и древних цивилизаций. – Алматы, 1989. – 464 с.; Гумилев Л.Н. Ритмы Евразии. – Алматы, 1993. – 576 с.; Кочевники-эстетика (Познание мира традиционным казахским искусством). – Алматы, 1993. – 262 с.; Худяков Ю.С. Вооружение средневековых кочевников Центральной Азии. – Новосибирск, 1986. – 268 с.; Қазақ философиясының тарихы (Ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін). Том 2. – Алматы, 2014. – 304 б.

3 Тарақты А. Ауызша тарихнама // Қазақ. Жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқу құралы. Алматы: Білім, 1994. – Б. 31-47.

4 Сейдімбек А. Қазақ әлемі: этномәдени пайымдау. – Алматы: Санат, 1997. – 464 б.

5 Авеста. – Душанбе: Адиб, 1990. – 174 с.

6 Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы. – Т.1: Өлеңдер мен аудармалар. – 2005. – 296 б.

7 Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы. – Т.2: Өлеңдер мен аудармалар, поэмалар, қара сөздер. – 2005. – 336 б.

8 Ай, заман-ай, заман-ай... (Бес ғасыр жырлайды жинағы). – Алматы, 1991. – 495 б.

Transliteration

1 Qazaqstan. Ulttyq ensiklopedia [Kazakhstan. National Encyclopedia]. T.8. – Almaty: Qazaq ensiklopediasy, 2006. – 704 b.

2 Qarañyz: Shahmatov V.F. Kazahskaja pastbishhno-kochevaja obshhina [Kazakh Pastoral and Nomadic Community]. – Alma-Ata, 1964. – 207 s.; Muqanov S. Halyq murasy [People's Heritage]. – Almaty, 2005. – 303 b.; Tolybekov S.E. Kochevoe obshhestvo kazahov v XVIII-nachale XX veka. Stepi Evrazii v jepohu srednevekov'ja [Kazakh Nomadic Society in the 18th-early 20th Century. Steppe of Eurasia in the Middle Ages]. – M., 1981. – 633 s.; Kshibekov D. Kochevoe obshhestvo (genезis, razvitija, upadok) [Nomadic Society (Genesis, Development, Decline)]. – Alma-Ata, 1984. – 238 s.; Kishibekov D. Qazaq mentaliteti (keshe, bugin, erten) [Kazakh Mentality (Yesterday, Today, Tomorrow)]. – Almaty, 1999. – 200 b.; Akataev S.N. Mirovozzrencheskij sinkretizm kazahov [Kazakh Worldview Syncretism]. – Almaty, 1993.; Vzaimodejstvie kochevyh kul'tur i drevnih civilizacij [Interaction of Nomadic Cultures and Ancient Civilizations]. – Almaty, 1989. – 464 s.; Gumilev L.N. Ritmy Evrazii [Rhythms of Eurasia]. – Almaty, 1993. – 576 s.; Kochevniki-jestetika (Poznanie Mira Tradicionnym Kazahskim Iskusstvom) [Nomads-Aesthetics (Exploring the World Through Traditional Kazakh Art)]. – Almaty, 1993. – 262 s.; Hudjakov Ju.S. Vooruzhenie srednevekovyh kochevnikov Central'noj Azii [Armament of Medieval Nomads of Central Asia]. – Novosibirsk, 1986. – 268 s.; Qazaq filosofiasynyn tarihy (Ezhelgi dauirdenqazirgi zamanqa dejin) [History of Kazakh Philosophy (From Ancient Times to Modern Times)]. Tom 2. – Almaty, 2014. – 304 b.

3 Taragty A. Auysha tarikhnama [Oral History] // Qazaq. Jogary oqu oryndary studentterine arналған оқу қуралы. – Almaty: Bilim, 1994. – B. 31-47.

4 Seidimbek A. Qazaq alemi: etnomadeni paiymdau [Kazakh World: Ethnocultural Perspective]. – Almaty: Sanat, 1997. – 464 b.

5 Avesta [Avesta]. – Dushanbe: Adib, 1990. – 174 s.

6 Abaj (Ibrahim) Qunanbajuly. Shygarmalarynyn eki tomdyq tolyq zhinagy [Complete Two-Volume Collection of His Works]. – Almaty: Zhazushy. – T.1: Olender men audarmalar. – 2005. – 296 b.

7 Abaj (Ibrahim) Qunanbajuly. Shygarmalarynyn eki tomdyq tolyq zhinagy [Complete Two-Volume Collection of His Works]. – Almaty: Zhazushy. – Т.2: Olender men audarmalar, poemalar, qara sozder. – 2005. – 336 b.

8 Aj, zaman-aj, zaman-aj... (Bes gasyr zhyrlajdy zhinagy) [Moon, Time-Month, Time-Month... (Five Centuries Sing Collection)]. – Almaty, 1991. – 495 b.

Симуканова Г.С., Нурмухаметова К.Ш.

Акселеу Сейдимбек о историческом сознании особенности формирования мировоззрения кочевников

Аннотация. В статье опираясь на научно – познавательные воззрения Акселеу Сейдимбека о устной историографии казахов и источников генеалогии, показано историческое сознание и особенности формирования мировоззрения кочевников. Устная историография, характерная для нашего народа, является одним из важных каналов исторического познания. Одной из главных особенностей нашей нации являются знание Жеті Ата, берущие свое начало от древних кочевников.

На протяжении веков кочевники смогли создать свой уникальный образ жизни, методы хозяйствования, адаптированные к экосистеме, гармонию между природой и человеком. Вместе с хозяйствованием увеличивался и укреплялся «человеческий капитал», энергия и интеллект.

По мнению автора, устная история, генеалогия – это необходимость, порожденная существованием кочевников, а родословная «Жеті Ата» – это механизм национальной защиты кочевников, единственный способ сохранить традиции и обычаи, морально-этические ценности, способные консолидировать нашу нацию и сформировать нашу национальную идентичность. Как отметил А.Сейдимбек, казахская устная историография, генеалогия – это период самобытной истории нашего народа. Так что и мы сами, и следующее поколение не должны смотреть на это безразлично.

Ключевые слова: кочевники, устная историография, национальное познание, Жеті Ата, родословная, бытие кочевников, историческое сознание, гармония с природой, кочевой образ жизни.

Simukanova G., Nurmukhametova K.

Akseleu Seydimbek About Historical Consciousness and the Peculiarities of the Formation of the Worldview of Nomads

Abstract. The article, based on the scientific and educational views of A.Seydimbek about the oral historiography of the Kazakhs and genealogy sources, shows the historical consciousness and features of the formation of nomads. Oral historiography, characteristic for our people, is one of the important channels of historical cognition. One of the main features of our nation is the knowledge of Zheti Ata, originating from the ancient nomads.

Over the centuries, nomads were able to create their unique way of life, methods of economy adapted to the ecosystem, harmony between nature and man. Together with the economy, the ‘human capital’, energy and intelligence increased and strengthened.

According to the author, oral history, genealogy is a necessity generated by the existence of nomads, and the Zheti Ata genealogy is a mechanism of national defence of nomads, the only way to preserve traditions and customs, moral and ethical values that can consolidate our nation and form our national identity. As Akseleu Seydimbeknoted, Kazakh oral history, genealogy is a period of original history of our people. So we ourselves and the next generation should not look at it indifferently.

Keywords: nomads, oral historiography, national cognition, Zheti Ata, genealogy, nomadic life, historical consciousness, harmony with nature, nomadic lifestyle.

ДИФФЕРЕНЦИЯ МЕН ИНТЕГРАЦИЯНЫҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТІ ГУМАНИТАРЛАНДЫРУҒА ӘСЕРІ*

¹Мадалиева Жаңыл Қайыржанқызы, ²Рахметова Жазира Әкітайқызы

¹zhanna_madalieva@mail.ru, ²zh-rakhmet@bk.ru

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
(Алматы, Қазақстан)

²ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты
(Алматы, Қазақстан)

¹Madalievа Zhanyl, ²Rakhmetova Zhazira

¹zhanna_madalieva@mail.ru, ²zh-rakhmet@bk.ru

¹Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan)

²Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies CS MSHE RK
(Almaty, Kazakhstan)

Аңдатпа. Ғылыми білімнің қалыптасу тарихы көне заманнан бастау алады. Ежелгі кезеңнен бастап, ғылым эмпирикалық білімдерді жалпылаумен және белгілі бір жүйеге келтірумен, яғни интеграция мен синтездің ең қарапайым формаларымен байланысты болған. Дамудың негізінде ғылым ескі түсініктерден біртіндеп арылып, сапасы жағынан жаңа жүйелермен ауыстырған кездегі білімнің тұрақты түрде интеграцияға қарай жүруімен сипатталады. Бүгінгі таңда жоғарғы білім беру жүйесінің негізі – жас ұрпақты қалыптастыруда жаңа бағдарлар мен өлшемдерді іздеуді ұсынады. Қазіргі заманғы ғылыми техникалық прогресс шеңберінде ғылым дамуының ерекшеліктеріне қарай ғылыми білім интеграциясы аса маңызды объективтік заңдылыққа айналып, үлкен маңызға ие болды.

Түйін сөздер: ғылыми-техникалық прогресс, дифференция, интеграция, технология, гуманитарландыру, мәселе, тәсіл, жаңа жүйе, көмек, мән, алгоритм, практика, әдістеме, құрал.

Кіріспе

Ежелгі кезеңде білім өте киелі болып әспеттелген. Шығыс мемлекеттерінде білімді жалпақ жұртқа екшеп-текшеп беру үрдісі қатты қаралған. Білімнің ала-құлалығы да осы кезде басталды. Олар бастапқы кезде өздерінің ашқан жаңалықтарын ешкімге көрсетпей өздері пайдаланған болатын. Дегенмен, ғылыми білім сырттан да, іштен де қамқорлыққа ие болған. Орта ғасырларда қытайдың ойлап тапқан жаңалықтарын Еуропаға таратқанда арабтар болса, түркі халықтарының таңбалық мәдениеті сырттан жиналған білімді іштен қорытып, сыртқа шашпауды аңғартқан.

* Мақала BR 21882209 «Қазақстандағы бұқаралық санаға ақпараттық-идеологиялық ықпалдар: тәуекелдер мен мүмкіндіктер» ғылыми бағдарлама аясында жарияланды.

Бізге белгілі адамзат өркениетінің тарихы еңбек этикасының әр түрлі жүйелерін бастан кешірді. Соның бірі ұлттық және діни дәстүрлерге, әдет-ғұрыптарға т.б. негізделген. Мысалға алатын болсақ, Батыс Еуропа мен АҚШ христиандық еңбек этикасының ішінде протестантизм рухын ерекше атаса, Жапония, Тайвань, Сингапур немесе Гонконг ұлттық дәстүрлер, жаңа өнеркәсіптік технологиялардың кәсіпкерлік белсенділігі және халықаралық сауда тәжірибесімен біріктіру ерекшелігі тән болған. Бұл мемлекеттер Қазақстанға білім беру жүйесінің жаңа моделін игеру жолында үлгі болып табылады. Жалпы әлемдік деңгейдегі білім жүйесін саралай отырып, Ә. Нысанбаев: «әлемнің көптеген шығыс және батыс елдерінде қазіргі таңда білімдерді жеке тұлғалық мағынасынан, жалпы адамзаттық құндылықтар алаңынан тыс меңгеруге бағдарланған батыс білім беру үлгісінің тек шектеулігі ғана емес, бұның үстіне залалдығы мен қатерлігі анық сезілді. Үстемдік онтологиясы мен антропологиясы тудырған шектен тыс рационализм мәдениеттің барлық формаларын, соның ішінде білім беру жүйесін қалыптастырды, бірақ мұнда оның басты мазмұны – Адамның адам болып қалыптасуы, оның Махаббат пен Ізгілік құндылықтарына тартылуы ескерілмей қалды. Сондықтан Қазақстан батыс дәстүрінің шектен тыс рационализмін жеңетін, бойына шығыс тәжірибесін сіңірген және Қазақстан Республикасын мекендеген басқа этностардың педагогикалық идеяларымен сұхбатқа түскен қазақтың дәстүрлі педагогикасына бағытталған өзінің жеке ұлттық білім беру үлгісін табуы тиіс» [1], – десе, ал А.И. Кобзев өз қағидасын мынадай жолмен дәлелдейді: «Кез келген дамыған қоғамда нақ философия өзінде рухани мәдениет салаларын жалпылама бейнелейді және өз тарапынан олар үшін әмбебап әдіснама қызметін атқарады. Бірақ оның өзі шынайы білім алудың дұрыс (ұтымды және жүйелі) формаларының неғұрлым жалпы теориясы ретінде белгілі бір «метафилософиялық» әдіснаманың соңынан еруге мәжбүр болады. Философиялық дәстүрлердің бірлігін қамтамасыз ету үшін орнықты түсінік ақпаратынан тыс біріңғай әдіснама жоқ. Ол нақты формалды болуға тиіс, өйткені мазмұндық жағынан барлық толыққанды философия өз-өзінен әдіснамалық та болады [2, 9-10 бб.].

Қоғамдағы білімнің интеграциясы мен жіктелуі

Білімнің интеграциясы мен жіктелуі қоғамның және ғылымның алдына қойған жаңа міндеттерімен анықталады. Ежелгі кезеңде барлығын қамтыған бірден-бір ғылым – философия болды. К.Х. Рахматуллин «Дүниенің ғылыми көрінісі – білім интеграциясының жоғарғы формасы» атты мақаласында былай дейді: «К. Маркс пен Ф. Энгельс бойынша жыл мезгілдерін анықтаудың, күнтізбені жасаудың қажеттігі танымның ерекше саласы – астрономияның пайда болуына, оның философиядан бөлінуіне әкеп соқты. Ал жер аудандарын өлшеу, көлемді, әртүрлі материалдардың санын анықтау қажеттігі – жеке ғылым түрінде – математиканың пайда болуына әкелді. Осылайша біртіндеп ғылымның жіктелуі, оның неғұрлым арнайы салаларға топтану үдерісі жүрді.

Біз мұнда ғылым интеграциясы мәселелеріне талдау жасаумен шектелеміз, бірақ та интегративтік үдерістер қазіргі кезде өмірдің барлық салаларын қамтып, объективтік дүниенің, оның танымының, адамның іс-тәжірибелік қызметі мен мәдениетінің ерекше құбылысына айналды. Ғылыми танымның бүкіл тарихында орын алған және ГТР жағдайларында күшейте түскен интегративтік үдерістердің объективтік және субъективтік негіздері бар, олар белгілі бір түрде детерминденген» [3, 425 б.].

Адамзат баласы тіршілік ету барысында заманына лайық дүниетаным мен белгілі мәдени құндылықтық өлшемдерді қалыптастырды. Қоғамның алға қарай жылжуын экономика, ресурстар мен технология, сәси ұстанымдар да анықтаған. «Антика заманында өзіндік құрылымы бар, құндылықтар туралы ілім - аксиология қалыптаса қойған жоқ еді. Бірақ, құндылықтардың абсолютті және салыстырмалы қасиеттері туралы түсініктер ерте заманнан ақ пікірталастар туғыза бастады. Мәселен, Платон үшін ең жоғарғы құндылықтар абсолютті түрде өмір сүреді, ал софистер болса, өздерінің атақты «Адам барлық нәрсенің өлшемі» деген тезисі арқылы барлық құндылықтардың адамдардың бағалауынан өтетінін білдіріп, олардың салыстырмалы қасиетіне назар аударған. Аристотель құндылықтар әлемін жіктеуден өткізу қажеттілігін айтады» [3, 347 б.]. Осыдан әр дәуірдің ойшылдарының танымы арқылы сол заманның өзіне тән ерекшелігін байқаймыз. Діни таным да, ғылыми таным да адамзат өмірінде үлкен орын алған. Әр ұлттың діни және ғылыми танымының қалыптасу жолында бір-біріне ықпалы болған. «Бастапқыда діни түсініктер мен адамның техникалық мүмкіндіктері өзара тәуелділікте болды. Техниканың үдемелі түрде алға басуы оны діни түсініктер әлемінен алшақтатты» [3, 490 б.]. Жеке дара діни таным мен ғылыми танымда дербес дамымаған. Ғалым Нұрмұратов С.Е: «Діни құндылықтар – адам табиғатына сай, өмір қажеттілігімен астасып жататын рухани құбылыс. Бірақ, оның да догмалық түрге айналып, саясат пен құқықтың қызметтерін өз мойнына ала бастауы көптеген мәселелерді туындатуы мүмкін. Мәселен, Қайта өрлеу кезеңінің өкілдері гуманизм принциптерін алға тартып, ғылым мен білімге бет бұруы қажеттігін бекер айтқан жоқ. Содан кейін Жаңа заманда ғылым мен техниканың рөлі қоғамдық үрдістерде нығая түсті. Бұл рационалистік үлгілердің кең өрбуінің нышаны еді. Ал осы үрдістердің абсолюттенуі қоғамды руханилықтан алыстата түсетіні де байқалды. Әсіресе, технократиялық дүниетанымның пайда болуы – осы үрдістердің нәтижесі» [4], - деп гуманистік дүниетанымның жасампаз рөлін ерекшелендіре түседі. Л.Н. Гумилев: «Дәстүрлі түркілік дүниетаным материалдық құндылықтардан гөрі ата-бабалар өмірі мен олардың ерліктері туралы ұрпақтан-ұрпаққа берілген рухани құндылықтарға және сөзге негізделіп, сомдалған», - деген болатын [5, 245 б.].

Г. Башляр ғылымдағы бостандықтың қос сипаты жөнінде айта отырып, ғылым адамның еркін ойлап, «онымен бір мезгілде өзінің «ортақ ғылымға», оның ойлау жүйесіне енгендігін қабылдауға» тиіс екенін дұрыс атап көрсетті [6, 338 б.]. Әрине, ғалым ойлаудың ғылыми стилімен, этикалық ұстанымдары

мен әдістерін және мақсаттарымен интеграцияланған қызметтермен айналысады. Әр дәуірдің құндылықтық бағдары ғалымның танымы мен қызметінің басын біріктіру жолында қызмет жасайды. Әр тарихи кезеңде ғылыми мәселелерді түсіндіру мен нәтижелерін негіздеу әрбір ғалымға ортақ міндет болатын. Қоғамның дамуы мен ғылыми дамуда жаңа сапалы өзгерістерді қалыптастырған. Сондықтан М. Хайдеггер атап көрсеткеніндей «ғылымның қазіргі заманғы өндірістік сипатының батыл дамуы... адамдардың жаңа тұқымын жасайды. Ғалым жоғалып кетеді. Оны зерттеуші кәсіпорын штабтына енгізілген зерттеуші алмастырады. Ғалымдылыққа табыну емес, осы нәрсе оның жұмысын бүгінгі күнге қажет етеді» [6, 100 б.].

Әр кезеңде ғылыми әдіс-тәсіл мен ғалымға қатынас белгілі межелі орынға ие болған. Ғылым ұжымдық шығармашылық деп түсініп, ғалымның тұлғалық болмысын мәдениет шектерінен шығарып тастау бүгінде аландатады. Ғылыми-техникалық төңкеріс үдерісі барысындағы ғылым, техника мен өндірістегі түбегейлі өзгерістер адами құндылықтарға жаңа серпін беріп, жаңа қырынан қарастыруға бетбұрыс жасады. Қазіргі заманда оқу үдерісінің өзінде жаңа идеялар мен тұжырымдарды қайта жасақтауды қажет етіп отыр. Ондағы негізгі мақсат жалпы пән аралық сабақтастықты күшейте отырып, еркін ойлау мен дағдыны қалыптастыру.

Осыдан әр заманның қоғамдық даму жолында жаңа біліми құндылықтарды жасақтау тұрғанын көрсетеді. Орта ғасыр, қайта өрлеу мен жаңа заманда қолға алынған ғылыми тұжырымдар өзіндік бағыт-бағдарды қалыптастырды. Қазіргі заманның ғылыми ізденіс жолы алуан түрлі мүмкіндіктерге ие. М.З. Изотов: «қазіргі заманғы ғылымда ғалымдардың ешқайсысы бұрынғыдағыдай ғылыми қауымдастық дәстүрлерінде қалыптасып бекітілген бірыңғай ғылыми тілсіз, коммуникациялар мен байланыстардың қолданыстағы жүйесінсіз жұмыс істей алмайды. Тек осы мағынасында ғана жеке-дарашылдық сәттер ғылым дамуының жекеліктің үстіндегі элементтерден азат бола алмауы мүмкін. Зерттеушінің ғылыми мәселені таңдау еркіндігі, оны шешудің сәйкес әдістері мен тұтастай алғанда ғылым дамуындағы табыс арасында терең имманентті байланыс бар» [7, 232-238 бб.], - деген пікірді орынды келтіреді.

Технологияның дамуының қазіргі кезеңі, ең алдымен, өндірістің және қоғамның басқа салаларының автоматтандырылған басқару жүйелерін құру арқылы сипатталады. Мұнда, технологиялық тізбектің тікелей элементі болуды тоқтататын адам, өз денесінің физиологиялық шектерімен шектелмейді және оның шығармашылық қабілеттерін пайдалануға мүмкіндік алады.

Төртінші индустриалды революция технологиялық жетістіктер негізінде дамитындықтан, оны түсіну күрделі және көп өлшемді болуы керек, мысалы, техникалық прогрестің кейбір энтузиастары органдардың және адам денесіндегі әртүрлі кибернетикалық құрылғылардың жақсартылған техникалық имитациясын енгізу деп санайды. Компьютерлік виртуалды шындық нақты және, сонымен бірге, пайдаланушы әрекеті үшін қолжетімді болады. Осыған байланысты, әдебиетте мынадай сөздер бар: «Электронды кеңістік қауіпті және жойқын болуы мүмкін. Интернеттегі және барлық

техникалық инновациялар өздерінің идеологиясын шығаруға қабілетті дербес, ойлау қабілетті нәрсе жасауға бастайды» [8, с. 496].

Біздің ойымызша, осындай қорқыныш пен қорқынышты жеңу және төртінші индустриалды революция жағдайында жаңа технология мен технологияның ең күрделі феноменін барабар зерттеуді жүргізу үшін аксиологиялық (белсенді) және аксиологиялық тәсілдерді қолдану қажет. Төртінші индустриалды революция технологиялық жетістіктер негізінде дамитындықтан, оны түсіну күрделі және көп өлшемді болуы керек, мысалы, техникалық прогрестің кейбір энтузиастары органдардың және адам денесіндегі әртүрлі кибернетикалық құрылғылардың жақсартылған техникалық имитациясын енгізу деп санайды миы. Компьютерлік виртуалды шындық нақты және, сонымен бірге, пайдаланушы әрекеті үшін қолжетімді болады.

«Технология» ұғымының пайда болуы ғасырлар бұрынғыдан да арта түседі. Грек философтары техниканың басқа да білім түрлері мен адамгершілік белсенділігі арасында орналасуын анықтауға тырысты.

Техникалық даму проблемалары М. Хайдеггердің «Технологиялық сұрақ» кітабында қарастырылған [9, 46-47 бб.]. Ол техника адамның қолында бейтарап құрал екенін түсіндіретін дәстүрлі көзқарасты қабылдамайды. Технологияның мәні туралы ойланып жүрген философ, бұл тар техникалық негіздермен шектелмейді және қазіргі заманғы технологияны кеңірек контекстке енгізуге тырысады. Техника – бұл мақсаттарға қол жеткізу құралы ғана емес. Хайдеггер: «Технологияның ең зұлым тұтқында, біз бейтараптықты көргенде өзімізді таба аламыз ...». Технология тұжырымдамасы тереңірек түсінуді білдіреді: «Техника қарапайым құрал емес. Техника – жариялаудың құпиялылығы. Бұл құпиядан шығару, шындықты іске асыру саласы» [9, 50 б.] дейді.

Француз философы, элеуметтанушы және адвокат Ж. Эллуль басқа революцияда адамның өміріне технологияның әсер ету мәселесін зерттейді: «Біз техникалық және рационалистік әлемде өмір сүреміз ... Табиғат енді біздің бейнелеу ортасы емес. Шын мәнінде, айналамызда бірте-бірте пайда болатын қоршаған орта, ең алдымен, машинаның әлемі болып табылады. Технологияның өзі сөздің шын мағынасында қоршаған ортаға айналады [10].

Орта ғасыр ойшылдарының ішінде Ибн-Рушдтың пікірі бойынша, нақты проблемаларда философия мен дін арасында қарама-қайшылық болуы мүмкін: бір нәрсенің ғылым тұрғысынан алғанда ақиқат болуы, теология тұрғысынан алғанда, керісінше, жалған болып шығуы мүмкін. Жеке адам емес, адамның тегі мәңгі және өткінші емес. Бұл тұжырым дінге қайшы келеді, бірақ бұл - (философиялық) ақиқат.. «Қос ақиқат» теориясы орғасырлық мәдениеті әлемін екі дербес алаңға-рационалды пайымдау (философия мен ғылым) алаңы мен діни сырлар алаңына – дифференциялаудың көрінісі болып табылды [11, 233 б.].

Әл-Фараби дүниетанымындағы демократиялық және гуманистік идеялары мен Ибн-Рушдтың «қос ақиқат теориясы» біріншіден, философиялық білімнің тарихын теориялық тұрғыдан пайымдау, екінші жағынан жалпы ғылыми білімнің тарихын негізделді. Ал жаңа дәуірдегі ғылым мен оның

әдісі таным теориясындағы қайшылықтарды шиеленістіріп жібермесе, оны шешудің жолын таппаса да, XIX ғасырдағы классикалық неміс философиясының пайда болуына мықты ықпалы болды. Эмпиризм мен рационализмнің өзара күресі ұзаққа созылды. Қ. Әбішев пен Т. Әбжанов «Жаңа дәуір философиясының көрнекті өкілдері» деп аталатын мақалаларында былай дейді: «Алайда, жаңа дәуірдің таным теориясындағы эмпиризм мен рационализмнің арасындағы күрес, олардың бір-бірімен бітпесіпін екі көзқарасы пайым мен зерденің өзара тіл табысуына үлкен бөгет болды. Бұдан кейінгі даму үрдісі ендігі жерде ойлау үрдісіндегі пайым мен зерде сияқты әрі әдіс, әрі көзқарастың рөл атқаратын үрдістердің бірлікте болуын талап етті. Оның үстіне XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басында белең алған шиеленіскен тарихи-әлеуметтік қоғамдық қарым-қатынастар бір-бірінен алшақ кеткен ойлау жүйесін адамдардың материалдық, заттық, практикалық қызметін түсіну арқылы біріктіруді күн тәртібіне қойды. Сондықтан да осы мәселелерді шешуге ең алдымен классикалық неміс философиясы кеңінен араласты» [12, 97 б.].

Ғалымдардың зерттеуі бойынша, ғылым интеграциясын ғылыми таным, теориялық, эмпирикалық, әдіснамалық сияқты деңгейлерге сәйкестендіріп қарастырады. М.З. Изотов «ғылым интеграциясын іске асырудың келесі «механизмі» құндылықтық және гуманистік нұсқамалар жүйесі мен соңғысының бағдарлануы болып табылады. Ғылыми-техникалық прогрестің қазіргі жағдайында аталған жүйе ғылым дамуының әлеуметтік-мәдени факторларының кешенінде елеулі орын алады. Құндылықтық-гуманистік бағдарлар ғылыми білімдердің бірлікке ұмтылуына әкеп соғады» [13, с. 19-30] делінген. Әрине, адам ғылымды реттеуші болғандықтан оның пәнаралық байланысында қадағалап отырады. Ғылымның құндылықтық бағдары мен мұраттары адамның өмірлік дүниесімен оның көп өлшемді қырымен салыстыра зерттеуді қажет етеді.

Гуманитарлық ғылымдар жүйесінің нысаны адам қызметі, ал жаратылыстану ғылымдарының нысаны – табиғи үрдістер болса, құндылықтық - мағыналық құрылымдардың ағыны ғылыми танымның бірінші бағытынан екіншісіне қарай жүреді. Гуманитарлық таным адамды оның субъективтілігінде қарастырып, зерттейді, сондай-ақ адам қызметінің рухани қырларын, яғни адам болмысының субъективтік шындығына талдау жасайды. Адам болмысының табиғатын түсіну адам өмірінің мұраттары мен құндылықтарына міндетті түрде көңіл аударуды білдіреді» [13, с. 22].

Бүгінгі таңда ақпаратты сақтау мен қолдану және жөнелту үшін қолданылатын технологиялар - компьютерлер мен телекоммуникациялық құрылғылар адамның күнделікті тіршілігіне үлкен өзгерістер әкелді. Адамдардың басты бөлігі ақпарат жинаумен, өңдеумен айналысады. Дүниежүзінде болып жатқан өзгерістермен кез келген адам хабарда және байланыста бола алады. Сонымен қоса адмзат өзіне қажетті кітапхана, медициналық көмек пен шалғайда жатқан достарымен және туыстарымен еркін байланыс орната алады. Бұл да адамзат үшін кез келген мәселені шешуде оңтайлы тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді. Сонымен қоса оның

бұрыс жағы да бар. Ақпараттық технологияның ерекшелігі кез келген адамға қатысты нақты мәліметті жылдам жинақтап бере алады.

- self-determination is more emphasized in all cohorts of respondents, except for true believers (42.8%). Among atheists (64.7%), among nominal believers (60.7%), among extra-confessional believers (60.7%), among indifferent to religion (60.7%), and among non-believers who respect believers (56.6%), the self-determination factor has a greater proportion;

- the influence of life circumstances is more accentuated among non-believers who respect believers (59.8%), among believers outside of confessions (58%), among nominally believing (56.1%), and is least significant in the cohort of non-believers who participate in ritualism (39.4%);

- study of special literature is higher among true believers (29.4%) and half as significant among both nominal believers (15.1%) and non-believers participating in ritualism (15.2%);

- conversations with priests, missionaries, other religious servants, and believers were the most significant factor for true believers (18.7%) and nominal believers (14.0%);

- the influence of fashionable trends and attitudes in society is accentuated by those indifferent to religion (27.9%) and is least relevant to true believers (5.9%).

One of the important aspects for a believer is the concept of spiritual authority. At the initial stages of their search for religious spirituality, Kazakhstanis often choose their closest relatives - grandparents, father, mother, brother, sister - as authorities on matters of faith. Given that 33.8% of respondents exhibit a so-called «domestic» level of religiosity, which is minimally connected to deep-rooted religious traditions, where the authority of a spiritual figure is unquestionable in religious matters, such a choice of authority is justified.

Clergy and leaders of religious organizations are viewed as authoritative spiritual figures by more than one-fifth of respondents - 22.8%. Meanwhile, 19.1% of respondents prefer to advance on their path of faith independently, as they do not find authoritative spiritual mentors for themselves, and 15.4% do not feel the need for a spiritual mentor at all. Cyber-spiritual leaders are followed by 4.6%-11% of respondents. Teachers of religious studies are identified as spiritual mentors by only 2.2%-5% of respondents. Thus, the closest family members (parents, brothers, and sisters) currently hold more authority (23.8%) than clergy (18.6%), including online preachers, teachers of religious studies (4.7%), and friends (3%).

Overall, it should be noted that the population has a blurred understanding of what constitutes a spiritual mentor, resulting in a distorted image. This situation poses a risk factor, whereby virtually any individual, regardless of their connection to religion, can assume the role of a spiritual mentor.

The Influence of the Internet on the Formation of Beliefs and the Phenomenon of Cyber-Religiosity

The role of Internet in the formation of beliefs has increased, as Kazakhstan actively uses Internet technologies in communications, in various activities. Three-fourths of respondents say that information posted on the Internet does not affect their beliefs. One in ten reports that they are influenced by the exchange of opinions on topical religious issues that takes place on social networks. About 8% find a lot of interesting information on religious sites, not only about religion, but also about society, politics, family, and upbringing. 7.0% listen to prayers and sermons, 3.2% watch sermons by clergymen, and 3.1% listen to religious books.

The influence of the Internet on the beliefs in conjunction with the religious identity of the respondents reveals a paradoxical situation in which the true believers (48.1%) are less dependent on the Internet than other cohorts of respondents (in the range of 73.8%-94.1%). On the other hand, they (38%) more often than others (between 5.9% and 12.3%) indicate that they are influenced by the exchange of opinions on topical religious issues on social networks. Cyber-religiosity scales not only through the direct exchange of opinions on social networks, but also through the availability of sermons, literature, and the activity of religious websites. (Table 2).

Table 2 - Does information, posted online influence religious beliefs? (depending on religious self-identification, in %, N=1500, 2021)

Judgments/Intentional self-identification	<i>A Believer Leading a Religious Lifestyle</i>	<i>A nominal believer</i>	<i>A believer outside of confessions</i>	<i>An unbeliever participating in the rite</i>	<i>An unbeliever who respects believers</i>	<i>Indifferent to religion</i>	<i>Atheist</i>
No, I am interested in other issues on the Internet	48,1	73,8	80,8	90,9	85,2	88,5	94,1
Yes, I exchange opinions on religious issues on social media	38	7,4	7,9	0	12,3	8,2	5,9
Yes, I listen to prayers and sermons	12,8	9	5,6	3	0,8	1,6	0
Yes, I watch sermons of clergymen	9,1	3,1	2,5	0	0,8	0	0
Yes, religious websites have a lot of interesting information not only about religion, but also about family, upbringing, traditions	8	11,8	6,7	6,1	0,8	0	0
Yes, I listen to texts of religious books	7	2,4	3,3	0	0,8	3,3	0

The impact of religious faith and affiliation on character and behavior

Assessing the impact of religious faith on a person’s character change showed two mutually exclusive tendencies.

On the one hand, those respondents most involved in the religious context were many times more likely than atheists and those indifferent to religion to state the beneficial effect of faith on human character change. Thus, 80.7% of true believers, 42.4% of nominally believing, 30.5% of non-believers, compared with 13.1% of those indifferent to religion and 8.8% of atheists noted an exclusively positive impact of religious faith on human character.

On the other hand, only 2.7% of true believers, 3.1% of nominal believers, 6.1% of non-denominational believers, compared with 14.8% of those indifferent to religion, and 23.5% of atheists note that religious faith contributes to the appearance of intolerance, bigotry, rejection of other points of view in the character.

The statement that there are no people with ideal positive qualities among both believers and non-believers shows a tendency: it is shared less by true believers (6.4%) and is recognized by every fifth believer nominally (22.3%), while opinions of non-believers (41.8%) correlate with those of non-believers and atheists (42.4%-50%). (Figure 1).




Figure 1 - The influence of religious faith on the character and behavior of a person depending on the type of family (in the cross-section of religious self-identification, in %, N=1500, 2021)

Respondents' motivation to act in accordance with certain norms is represented in the spectrum of justifying judgments. Almost every second respondent (46.7%) noted that in their everyday life they act partly with religious norms, but predominantly with secular ones, as the more common norms in our society. 19.5% prefer to be guided in their behavior only by secular norms, because they are more consistent with their worldview and way of life. One fifth of respondents (18.9%) appeal to the unconditional normativity of religious injunctions as a source of moral behavior for everyone, regardless of their worldview identity and religious adherence. 13.1% of respondents refer to the exclusivity of following secular norms because they include both values and anti-values, without which it is impossible to imagine modern life, i.e. they recognize the manifestation of anti-values in their behavior.

Discussion

The sociological measurement of religiosity is not limited to empiricism; it also requires phenomenological reconstruction. This, in turn, should be conducted within a specific methodological tradition. The study is reconstructed within the paradigm of non-denominational sociology of religion, social philosophy, and religious studies. The observed period of religiosity coincided with global trends characteristic of the post-secular development phase, where trends of secularization, desecularization, and counter-secularization are simultaneously recorded.

The influence of religiosity on modern cultural landscapes and the emergence of new trends in the religious mentality has led to a revision of cultural and identity strategies with respect to religion [3]. The authors proceed from the understanding of the situation in accordance with the textbook concept of social change [4]. Tendencies of secularization, desecularization and postsecularism remain open in modern scientific discussion [5]. Secularization means not only the weakening of

religion in rationalized societies, but also the formation of new religious movements and forms of spirituality. Recent decades have shown new opportunities for religions to be active in public space [6]. Religion since the early 1980s begins to demand a certain and significant place in the public space around the world, so it is no longer logical or even possible to exclude it from the public space today [7]. The need to consider the broad panorama of the spread of religious phenomena on the world stage is justified [8]. Explored as indisputable facts transitions from religion to spirituality, called «spiritual revolution» [9]. With the return of religion to the socio-cultural and political context of life, the range of new types of religiosity expands, the religious landscape changes, new images of religions are formed, the institutional practices and opportunities of both traditional religions and new religious movements change [10].

The postsecular era is characterized not just by the return of religion, but by a new approach to understanding the institution of religion. Spirituality is becoming a ubiquitous cultural trend on a global scale. In the phenomenological reconstruction of religiosity in modern Kazakh society are fixed its intensions such as the renaissance of religion (H. Joas), the cultural interest in religion (W. Rue), as well as identifications: alternative forms of spirituality and religion (J. Beckford), post-religious spirituality without God (I. Wierchak), balancing religiosity without belonging (W. Kretsch), agnostic spirituality (M. Volrab-Sahr), individualized forms of religiosity (H. Knoblauch), religion-friendly godlessness (H. W. Opaszowski), highlighted [11] and systematized by [12], the problems of religious education, the features of the formation of religious values in Kazakh society [13].

Conclusions

The formation of worldview identity in the context of secularism and ideological pluralism is a multifaceted process. It is influenced by sociocultural, economic, and political factors on both regional and global scales. Research experience highlights the increasing relevance of the religious factor in secular Kazakhstan, prompting an analysis of the phenomenon of mass religious consciousness. The study of various contexts raises questions about the phenomenological and methodological comparability with global trends in the functioning of religiosity.

In post-secular societies, changes in worldview traditions occur, leading to their fragmentation and an intensified search for new spiritual intentions. The dynamics and orientation of mass consciousness in Kazakhstan are synchronized with, but lag behind, global trends in terms of timing.

Some characteristics of the mass religious consciousness of Kazakhstan are comparable to global and regional trends and represent a complex phenomenon, multifaceted in its structure, essence, and nature. The Kazakhstani model of the structure and dynamics of mass consciousness is subject to transformation, where traditional religiosity is being replaced by new institutions under the influence of

various factors. The country exhibits a high level of religious tolerance, but significant regional differences exist, along with a liberalization of the younger generation's attitudes toward religious conversion. Mass religious consciousness is being shaped within the context of a secular state and society, but under significant geopolitical and regional pressure. The number of those supporting the transition from a secular to a religious state is growing, which complicates the monitoring of the religious situation and the conduct of socio-humanitarian research on the religious process.

Kazakhstani society is in a phase of transforming its value foundations. It is evident that the predominance of a mixed religious and secular lifestyle, with a tendency towards preferring secularism, is beginning to undergo deformation. This is characterized by the increasing religious content in the lifestyle and mentality of the population. The value relationship to the institution of religion is changing: the stage of religious renaissance is concluding, and there is a growing awareness of the scale of the process of embedding mass religious consciousness in society, alongside an increasing number of supporters of a religious way of life. These changes are occurring amidst the realization that state intervention methods are becoming exhausted and the growing awareness of the impossibility of regulating this process.

Against this backdrop, the assessments of both the positive and negative consequences of the growing influence of mass religious consciousness on societal development goals, values, and ideals are being substantiated. In these conditions, ideological segmentation will intensify, and religious diversity will create conditions for a broad range of choices, leading to the displacement and replacement of religious practices prescribed by the traditional cultures of ethnic groups. Kazakhstani society is increasingly engaged in the processes of forming new types of mass religious worldviews, driven by globalization and informatization. These processes contribute to the emergence and entrenchment of new and atypical religious beliefs, as well as to the reconfiguration of the religious landscape.

List of references

- 1 [Electronic source]. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/din/documents/details/689531?lang=ru> (August 26, 2024)
- 2 [Electronic source]. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/qogam/activities/141?lang=ru> (February 2, 2022)
- 3 Jaspers K. *The Spiritual Situation of Time*. – Moscow: AST, 2013.
- 4 Stompka P. *Sociology of Social Change*, translated from English, V.A. Yadov (ed). – Moscow: Aspect Press, 1966.
- 5 Berger P.L. *Epistemological Modesty: An Interview with Peter Berger*. The Christian Century. 1997.
- 6 Casanova J. *Public Religions in the Modern World*. The University of Chicago Press. 1994.

7 Casanova J. Rethinking Secularization: A Global Comparative Perspective. Hedgehog Review. Critical Reflection on Contemporary Culture. 2006.

8 Davie G. The Sociology of Religion: A Critical Agenda. London: SAGE Publication Ltd. 2013.; Davie G. “New Approaches in the Sociology of Religion: A Western Perspective”. Social Compass, no. 53. 2004.

9 Heelas P. The Spiritual Revolution: From «religion» to «spirituality». Routledge: Religion in Modern World / ed.by Woodhead L., Fletcher P., Kawanami H., Smith D. L., 2002. P. 357 - 377.

10 Kargina, I.G. “Key Trends in the Study of Modern Trends in Religion”. SOCIS, no. 6, 2013. – P. 107-115. [Electronic source]. URL: <https://www.isras.ru/files/File/Socis/2013-6/Kargina.pdf>. (February 2, 2022)

11 Heelas P., 2002, - p.197-198.

12 Posacki A. Spirituality in the Postsecular Era and the Problems of Conversion as Initiation. Religious Conversions in the Postsecular Society (the Experience of Phenomenological Reconstruction). Almaty: IFPR KN MES RK, 2017. P. 431. [Electronic source]. URL: <http://iph.kz/doc/ru/1249.pdf>. (March 4, 2022)

13 Moldagaliyev B.E., Smagulov M., Satershinov B.M., Sagikyzy A. “Synthesis of Traditional and Islamic Values in Kazakhstan”. European Journal of Science and Theology, no. 2015. 11 (5), 217-229.

Джаманбалаева Ш.Е., Бурова Е.Е., Адамиди А.

Влияние религиозных институтов на массовое сознание казахстанцев

Аннотация. Суверенный Казахстан позиционирует себя как светское государство, характеризующееся многоконфессиональным населением, мультикультурными традициями и мировоззренческим плюрализмом. Государство проводит политику, направленную на обеспечение свободы совести, религиозных убеждений, духовное обновление, сохранение и укрепление гражданского мира и межконфессионального согласия. Начиная с 1990-х годов, под влиянием деидеологизации общественной жизни, включая снижение мировоззренческой ориентации в образовании и трансформацию ценностных парадигм наряду с изменениями в коммуникативной среде, возросла потребность в поиске духовности. Религия стала занимать лидирующие позиции среди мировоззренческих институтов, а религиозность стала значимой в структуре ментальных предпочтений. На протяжении более чем трёх десятилетий функционирование религиозных институтов оказывало существенное влияние на стратегии мировоззренческой идентификации верующих, неверующих и атеистов. Цель статьи – выявить особенности институционального воздействия религии на мировоззрение и массовое сознание казахстанцев на основе обобщения массивов данных. Задачи связаны с представлением определяющих факторов, которые способствовали масштабированию массового религиозного сознания, а также с выявлением значимых тем, влияющих на идеологические предпочтения казахстанцев. Результаты выявили ряд как положительных, так и отрицательных оценок институционального влияния религии, а также широкий спектр позиций в зависимости от фактора религиозной приверженности. Проблематичность изучаемых контекстов будет возрастать из-за тенденции к детрадиционализации, идеологическому разнообразию и контрсекуляризации. В статье, основанной на обобщении статистических данных и мониторинговых исследований, проведённых авторами, представлен философский и социологический анализ факторов, влияющих на мировоззренческие убеждения казахстанцев в контексте новой коммуникативной реальности.

Ключевые слова: мировоззрение, массовое сознание, религиозные институты, факторный анализ, феноменология религиозности.

**Джаманбалаева Ш.Е., Бурова Е.Е., Адамиди А.
Қазақстандықтардың жаппай санасына діни институттардың әсері**

Андамна. Егеменді Қазақстан өзін көпконфессиялы халқы, мультикультуралық дәстүрлері және дүниетанымдық плюрализмімен сипатталатын зайырлы мемлекет ретінде көрсетеді. Мемлекет ар-ождан және діни сенім бостандығын қамтамасыз етуге, рухани жаңғыруға, азаматтық бейбітшілік пен конфессияаралық келісімді сақтап, нығайтуға бағытталған саясат жүргізуде. 1990-жылдардан бастап қоғамдық өмірдің деидеологизациялануының ықпалымен, соның ішінде білім берудегі дүниетанымдық бағдардың төмендеуі және құндылықтық парадигмалардың трансформациясы, сондай-ақ коммуникативтік ортаның өзгеруі аясында руханилықты іздеуге деген қажеттілік артты. Дін дүниетанымдық институттардың ішінде жетекші орын ала бастады, ал діндарлық менталдық таңдаулар құрылымында маңызды мәнге ие болды. Үш онжылдықтан астам уақыт бойы діни институттардың қызметі дінге сенушілердің, сенбейтіндердің және атеисттердің дүниетанымдық идентификациялау стратегияларына айтарлықтай әсер етті. Мақаланың мақсаты - деректер жиынтығын жинақтау негізінде діннің дүниетанымға және қазақстандықтардың жаппай санасына институционалдық әсер ету ерекшеліктерін анықтау. Міндеттерге жаппай діни сананың кеңеюіне ықпал еткен анықтаушы факторларды ұсыну, сондай-ақ қазақстандықтардың идеологиялық таңдауларына әсер ететін маңызды тақырыптарды айқындау кіреді. Нәтижелер діннің институционалдық ықпалына қатысты бірқатар оң және теріс бағаларды, сондай-ақ діни ұстаным факторына байланысты әртүрлі позицияларды анықтады. Зерттелген контексттердің проблематикасы дәстүрден тыс, идеологиялық алуан түрлілік және кері секуляризация тенденцияларының салдарынан арта түседі. Авторлар жүргізген статистикалық деректер мен мониторингтік зерттеулерді жинақтау негізінде дайындалған мақалада қазақстандықтардың дүниетанымдық сенімдеріне әсер ететін факторларға философиялық және социологиялық талдау жасалған.

Түйін сөздер: дүниетаным, жаппай сана, діни институттар, факторлық талдау, діндарлық феноменологиясы.

Штомпка П. Социология социальных изменений / Пер. с англ. под ред. В.А. Ядова. – М.: Аспект Пресс, 1996. – 416 с. – (Программа «Высшее образование»).

– ISBN 5-7567-0053-6

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ ИСЛАМНЫҢ АКСИОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ*

¹*Сатершинов Бақытжан Меңлібекұлы,*

²*Белтенев Жасұлан Мәзуләұлы*

¹*bakhyt-zhan@mail.ru,* ²*zhassbell@mail.ru*

^{1,2}*ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты
(Алматы, Қазақстан)*

¹*Satershinov Baqytzhan,* ²*Beltenov Zhassulan*

¹*bakhyt-zhan@mail.ru,* ²*zhassbell@mail.ru*

^{1,2}*Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies
CS MSHE RK (Almaty, Kazakhstan)*

Аңдатпа. Қазіргі сандық негіздегі ақпараттық технологияның жаһандық деңгейде қарқынды дамыған кезеңінде ислам әлемі замана талаптарына лайықты жауап табудың жолдарын іздестіруде. Мұсылмандардың рухани-мәдени, әлеуметтік-саяси өміріндегі күрделі өзгерістер өтіп жатқандықтан да бұл кезеңді посткәдуілгі уақыт деп атайды. Уақыттың бұл талабынан Қазақстан да тыс қала алмайды, тұрғылықты халықтың басым бөлігі ұстанатын ислам дінінің даму бағытын, ондағы үрдістер мен үдерістерді ғылыми тұрғыда айқындау қажет болады. Ол үшін ең алдымен, дәстүрлі исламның тарихи ерекшеліктерімен қатар жаңа шынайылықтағы оның қоғам үшін онтологиялық және аксиологиялық мәні мен маңызын зерттеу керек. Мақалада ислам дініндегі құндылықтық бағдар мен заңшылдық үрдістің арақатынасы талданады.

Түйін сөздер: аксиология, әдіснама, діни дәстүр, инклюзия, ислам, ханафийа, шарифат.

Кіріспе

Аксиология және діни құндылықтар. Адам баласы бұл дүниенің есігін ашқаннан бастап өмірінің ақырына дейін табиғатпен және қоғаммен қатынасқа түсе отырып, сезім, сенім, наным, таным, ілім, білім, ғылым үдерістеріне ерікті де еріксіз түрде де енеді. Оның барысында ненің бар немесе жоқ, ненің мәнді немесе мәнсіз, ненің шын немесе жалған, ненің жақсы немесе жаман, ненің әдемі немесе тұрпайы, ненің махаббат немесе

* Ғылыми мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржыландыруы аясында дайындалған (АР19679139 «Архитехтоника исламской толерантности в Казахстане: опыт коммуникации и межконфессионального диалога»).

ғадауат, ненің әділет немесе қиянат, ненің ақ немесе қара, ненің обал немесе сауап, ненің таза немесе лас, ненің күнә немесе ізгілік, ненің жаза немесе жала, ненің пайдалы немесе зиян, ненің құнды немесе құнсыз екендігін және т.б. анық-қанығын сезінумен, танып-білумен, айқындаумен, қабылдаумен, мойындаумен, бағалаумен айналысады. Бес хауас сезімдердің тәжірибесімен қатар ақыл мен жүректің күш-жігерін қажет ететін бұл мәселелерді арнайы зерттеумен айналысатын діни, философиялық және ғылыми білім салаларын онтология, метафизика, гносеология, праксиология, аксиология, этика, эстетика деп атайды, сонымен бірге, дін мен философия, әлеуметтік ғылым мен білім, мораль мен құқық, салт пен дәстүр, әдебиет пен өнер секілді руханият салалары адам мен қоғамның ең өзекті деген осы сұрақтарына жауап іздейді.

Адам өзін қоршаған ортадағы құбылыстар мен нәрселерді әуелгі жаратылыстан берілген объективті тұрғыда ғана емес, оларды мәнді, маңызды, құнды, қымбат, қадірлі, құрметті, тіпті қасиетті немесе құдіретті сипаттарын бере отырып, өздерінің субъективті бағалауымен практикалық қатынасын белгілейді. Рухани және материалды, жалпыадамзаттық және ұлттық, діни және сакралды құндылықтар шынайы болмысты эмоционалды және интеллектуалды тұрғыда талғам мен таңдаудың елегінен өткізіледі. Рухани құндылықтардың «материалдық құндылықтардан айырмашылығы – олар утилитарлық сипаттан ада болып, тұтыну барысында тозуға түспейді және сол себепті ұзақ мерзімді саналады» [1, 121 б.].

Протестанттық философ Ф. Шлейермахер айтқандай, «Тарих өзінің ең бастапқы тәрбиешісі ретінде дінге ризашылық білдіріп, ақысын өтеуі тиіс», өйткені адамзат рухының барынша асқақ көріністері адамның абсолютке, яғни дінге ұмтылысымен байланысты. Демек, құндылықтар жүйесі мен жіктелуінде діни құндылықтар үлкен рөл атқарады. Исламда адамның өмірі дінмен тығыз екендігі мойындалып, ол иман, ислам және ихсанмен байланыстырылса, христиандықта сенім, үміт, сүйіспеншілік алдыңғы орынға қойылады. Католиктік христиандық ойшылы Аврелий Августиннің «жер бетіндегі игіліктер о дүниелік құндылықтарды егудің құралы ғана» [2, 24 б.] деген ойы ыбырайымдық діндердің соңғысына жататын исламдағы Мұхаммед пайғамбар хадистерімен үндес келеді. Аристотель адамды саяси жануар ретінде сипаттаса, орыс православиелік христиан ойшылы Н. Бердяев оны діни жануар кейпінде суреттейді [3, 38-39 бб.].

Кез келген қоғамның моральдық құндылықтарын дінсіз елестету мүмкін емес. Дін дүниетанымның ерекше формасы ретінде бүкіл адамзаттың рухани эволюциясын жалғастырып келеді. Сол себепті де дінде қасиетті аянмен қатар, адамзат ұрпақтарының өмірлік тәжірибесімен қалыптасқан даналық бар [1, с. 8]. Сондай-ақ, қазіргі әлемдегі сана дағдарысы жағдайында дінге және оның құндылықтарына деген құштарлық өсіп келеді, мұның өзі адамға әлемдік діндер тарихында жинақталған рухани тәжірибеге құлақ түруге

мүмкіндік береді, діни құндылықтарды үйрене отырып, жалпыадамзаттық мұраттар мен құндылықтарға тартылу үшін тұлғаның жан жақты дамуына әлеуетті мүмкіндіктер береді [4, 55 б.]. Сондықтан, аксиологиялық жүйе аясында діни құндылықтарды қарастырудың маңызы зор.

Өлемдік және дәстүрлі діндердің барлығында дерлік діни құндылықтардың арасында сенім мен иман, үміт пен сүйіспеншілік, ихсан мен ықылас, шынйылық пен тақуалық, ерік еркіндігі мен жауапкершілік, ар-ұят пен парыз және т.б. маңызды орын алады. Ал осылардың арасында дін құбылысының өзегін құрайтыны, діни сананың ең жоғары құндылығы ретінде мойындалатыны сенім немесе иман болып табылады. Алайда, адамның жүрегін жұмсартып, санасын нұрландыратын, оның өмірлік әрекеті мен мінез-құлқын түзейтін нық сенім алдымен білімге негізделуі тиіс. «Егер өздерің білмесендер, онда зікір (білім) иелерінен сұрандар» (Нахл сүресі, 43-аят) деген аят пен «Білім іздену – әрбір мұсылман ер мен мұсылман әйелге парыз» (Сунан ибн Мәжаһ, 224) деп келетін хадис ислам дініндегі білімнің қаншалықты маңызды екендігін аңғартады. Ислам діні терең таухидтік сеніммен қатар білім іздеудің мәні мен маңызын барынша қолдайды және мұсылмандардың құндылықтық сұранысына жауап бере алатындай әдіснама ұсынады.

Исламтанулық зерттеу әдіснамасының ерекшеліктері

Құрылымы жағынан күрделі жүйені білдіретін дүниетаным сенім мен білімнің бірлігінен құралады. Заманауи ғылымда «методология» термині білімнің барлық саласында ғылыми зерттеулерді жүргізетін әдістер мен тәсілдерді, сондай-ақ қандай да бір философиялық мектептердің теориялық негіздерін, іргелі болжамдары мен тұжырымдарын білдіреді. Ислам дінінің эпистемологиялық жүйесінде нахдж, минхадж немесе манхадж терминдері тар мағынасында айқындыққа, қандай да бір нақты мақсатқа жетудің жолы мен тәсілін білдірсе, кең мағынасында шарифатқа сай өмір сүріп, адамдардың жанын тазалайтын ең жоғары құндылықтардың бірі ретіндегі бақытқа қарай бастайтын жетекшілікті ұғындырады. АҚШ Мичиган штаты университетінің профессоры, философия докторы Фатхи Хасан Малкауи өзінің «Эпистемологиялық интеграция: ислам методологиясының негіздері» (Malkawi, F.H. (2014). Epistemological integration: Essentials of an Islamic methodology. International Institute of Islamic Thought (IIIT). Herndon) атты еңбегінде «методология» сөзінің арабша баламасы ретінде «манхаджийа» терминін ұсынады [5, 52 б.].

Әрине, кез келген ислами бағыттағы зерттеудің өзегінде қасиетті Құран мен Суннаға сүйенген тәухид ұстанымы жататыны сөзсіз, ал одан әрі ақылдың орны ақылмен толықтырылып, иджитхад (терең негізделген

талдау) барысында иджма (келісім немесе консенсус), қияс (аналогия), истихсанға (құқықтық басымдылық) сүйенген тәуил әдісі қолданылады. Алайда осы ислам методологиясының өмірлік практикаға толыққанды енгізілмеуі, кейбір мұсылман зерттеушілерінің пікірінше, ислам әлеміндегі интеллектуалдық дағдарыстың негізгі факторларының біріне айналды. Осы себепті қазіргі ислам ойшылдарының кейбірі, мысалы, Саид Шаббар («Иджтихад және жаңғыру»), Зияуддин Сардар («Посткәдуілгі уақыттағы мұсылман қауымдастықтары»), Таха Жәбир әл-Албани («Балансты қалпына келтіру: Құран беделі және Сунна мәртебесі»), Әбдәл-уаһһаб Эльмессири («Жаратылыстанымдық және қоғамдық ғылымдардағы эпистемологиялық бұрмалаушылық»), Ахмад ар-Райсуни («Ислам заңының жоғары мақсаты мен ниеті туралы аш-Шатиби теориясы»), Әбдул-Хамид Әбу Сулейман («Құран дүниетанымы: мәдени реформа үшін плацдарм») және т.б. интеллектуалды реформаға қарай бағыт ұстанады.

Қазіргі ислам зерттеушілерінің арасында Мұхаммад Умар Фарук өзінің «Біздің Реформацияға бастар жол: заңшылдықтан құндылыққа бағдарланған ислам құқығы мен заңнамаға қарай» деген еңбегінде мұсылман қоғамы үшін іргелі негіз болып келген шарифат біртіндеп үмбеттің дамуына кедергі келтіретін схоластикалық көзқарастардың шатысқан лабиринтіне айналып кеткенін көрсетеді. Дәйексіз хадистерді қолдану мен худуд туралы заңды қате енгізу Құранның рухынан алыстап, Мұхаммед пайғамбардың өсиетінен ауытқып, жалған шарияттың орнығуына жағдай жасап отыр деп есептейді [6, 36 б.].

Қазіргі Қазақстандағы діни ахуалды талдау үшін де шынайы ислами құндылықтарды құндылықтық қырынан қарастыратын аксиологиялық тәсілдің қажеттілігі аңғарылады. Мақалада заманауи исламдық үрдістер ханафилік-матуридilik теология мен қазақ халқының ұстанған дәстүрлі дінін, ақын-жыраулар мен Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп, Ғұмар Қараш тәрізді діни ойшылдарының рухани мұрасын тарихи-салыстырмалы сараптау барысында айқындалады.

Қазақ халқының дәстүрлі діні және оның құндылықтық сипаты

Қазақ халқы ежелден ханафилікмәзһабтағы сүннеттік ислам дінін ұстанатыны белгілі. Оның діни санасында сенім түсінігінің діни қыры «иман» сөзімен айқындалады және ол адам бойындағы барлық жақсы қасиеттерді қамтитындай кең ұғымды білдіреді. «Иман» терминінің діни анықтамасын жалпы берер болсақ, иман - Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) Алла тағаланың құзырынан алғанның барлығына шын жүреппен сену (тасдиқ) және ол сенімді куәлік сөз айтып, тілмен бекіту (тақрир). Иман келтіруге кедергі келтіретін жағдай, хал орын алмастан, аталмыш екі шарт шынайы түрде әрі шарифи үкімге сай орындалуы керек. Ислам дініне сәйкес, жалпы

дін ұғымының мәні мен маңызы, сенім негіздері мен ақида, иман түсінігі мен оның иесі - мүмин ұғымы, иманның негізгі шарттары - тәухид принципі мен Жаратушының көркем есімдері мен сипаттарына сену, періштелерге сену, қасиетті кітаптарға сену, пайғамбарлық пен пайғамбарларға иман, ақырет күніне иман, тағдыр мен қазаға сену Смайыл Сейітбековтің «Иман негіздері» атты кітабында [7], егжей-тегжейлі баяндалған. Діни сенім ретіндегі иманға және оның шарттарына негізделген рухани-адамгершілік құндылықтар жалпыадамзаттық жоғары құндылықтарға жатады және олар адамды екі дүние бақытына қарай жетелейді.

«Имандылықтың» қазақша түсінігі ислам дініндегі ханафилік мектептің түсіндірмесіне сай жоғары мораль мен иләһи адамгершілікке негізделген. Шет жерден келген кейбір исламдық ағымдардың қазақы дәстүрге қатысты теріс пікірлер айтып жүргенін құлақ естіп, көз көріп жүр. Мұның шындыққа қаншалықты жанасып/жанаспайтынын ханафилік мектептің жоғары мораль мен иләһи адамгершілікке негізделген әдіснамасы мен «имандылықтың» қазақша түсінігін салыстыру арқылы көз жеткізуге болады.

Сүннеттік пайымдағы исламның биік мораль мен иләһи адамгершілікке негізделген ұстыны өз мағынасында «адамшылықты, ар-ұят, моральдық тазалық пен асқақты» білдіретін «имандылықтың» қазақы түсінігімен ұқсас. Алла тағала Қасиетті Құранда Өз Елшісіне былай деген: «Ақиқатында сен керемет мінездің иесісің» (Құран кәрім: Кәлам сүресі (68), 4-аят). Қазақтарда «ұяты жоқтың иманы жоқ» деген мәтел бар. Мұхаммед пайғамбар да ар-ұятқа үлкен мән берген. Ол «ар-ұят – иманнан», «ар-ұят – сенімнің тамырының бірі» және «ар-ұят тек игілік әкеледі» деп үйреткен. Алланың елшісі: «... Ислам өнегесі – ар-ұятта», (ар-ұят – асылдандырады (әдемі қылады)), «кімнің ар-ұяты болмаса – иманы да жоқ», - дейді.

Мұхаммед Пайғамбардың сахих хадистерінде айтылған: Ақиқатында, менің пайғамбарлық міндетімнің негізгі бөлігі мен мақсаты көркем мінездерді толықтыру және кемеліне жеткізу». Алла тағала елшісі тағы да: «Шындығында, Қиямет күні сіздердің ішіңіздегі маған ең сүйіктісі де ең жақын болатындарың керемет мінезге, моральдық және адамгершілік қырынан ең үздіктерің» деген. «Қайда болсаң да, құдайдан қорық! Егер сен қателік жіберсең, артынан оны жуып-шаятын жақсы амал ет. Адамдарға (олардың шығу тегі мен сеніміне қарамастан) жақсы ниетпен қара». «Қиямет күні жақсы істердің ішінде ең ауыр тартатыны: тақуалық пен көркем мінез, ибалы әдептілік болады». Мұхаммед Пайғамбар ерекше қайырымды және кішіпейіл болды. Ол: «Егер ол өзі үшін нені ұнатса, өз бауыры (сенімі бойынша) үшін де соны ұнатқанша сіздердің біреуіңізге деген сенім толық (жетілген) болмайды», дейді; «...Егер иманға келіп иланбасаңыз, сіздер Жұмаққа лайық болмайсыздар, бірақ бір-біріңізді жақсы көрмесеңіздер, сенімге де келмейсіздер!..» [8].

Пайғамбардан сүннет болып қалған бұл өсиеттер жалпыны қабылдайтын құндылықтық ұстынының өзегінде жатыр және бұл рух қазақтардың ғасырлар

бойы ұстанып келген дәстүрлі ханафилік мәзһабтағы суннилік исламның да негізін құрайды. Және осы тұста исламның құндылықтарының қазақтың дәстүрлі құндылықтар жүйесіне, сүннеттің қазақы салт-санаға, хадистің ғұрыпқа сіңіп кеткенін атап айту қажет.

Дәстүрлі исламдағы инклюзивті қарым-қатынас

Қазақ халқының ұстанған дәстүрлі исламынан бауырмалдық немесе қазіргі тілмен айтқанда, инклюзивті қарым-қатынасты айқын аңғаруға болады. Құндылықтық тұрғыдағы мұндай баурап алушы дүниетаным, ең алдымен, «басқаларды қабылдайтын және жатсынбайтын, оған қоса, басқалармен ортақ тұстарды іздейтін» менталитет пен плюралистік дүниеқабылдауды білдіреді [9]. Ханафилік мектеп әдіснамасына сәйкес түсіндірілген суннилік пайымдағы исламның дүние қабылдауының «жалпыны қамтушылығы» немесе «бауырмалдығы» ислам дүниетанымына өзін басқа «бөтенге» қарсы қою арқылы өзіндік бірегейлену тән емес екендігіне сүйенеді. Өзін өзгеге қарсы қою антитезасы жоқ. Әдетте Батыстың классикалық философиясында карама-қарсылықтар ретінде қарастырылатын антиномиялар исламда «жұптар» ретінде сипатталатынын ескеру керек. Мұндай дүниетанымға сәйкес, «бөтенмен» күресу және жеңу керек болса, олиудейлер мен христиандарды айтпағанда, мүлдем пұтқа табынушылар мен құдайға сенбейтіндер де емес, ол – «шайтан» (ібіліс) және оның адам тәніндегі жетекшісі «нафс-ул ‘аммара», немесе нәпсісі.

Исламның жалпыны қамтушылығы Әһлү Сунна түсіндіруінде ерекше айқын көрінеді, сонымен бірге ислам іліміне сай, Мұхаммед Пайғамбар жаңа дінді жасаған жоқ, ол ең алғашқы адам мен пайғамбар – Адам атадан бастау алатын монотеистік дәстүрдің жалғастырушысы екендігімен де түсіндіріледі. Сондықтан, «Исламның тарихы бір құдайға табынушылықтың тарихы және ол «хижрадан» басталмайды, ең алғашқы адам және пайғамбар Адам атаның жаратылуынан басталады» деген тұжырым бар.

Оның үстіне, осындай құндылықтық тұрғысынан қарағанда және «дүниетанымның діни мәтіндерін мейіріммен оқудың ілігін іздеушілер үшін *«фатр» кезеңі* тұжырымдамасын қолдану қажеттілігі аңғарылады. «Фатр» кезеңі адамдардың ақиқат жолын таба алмауымен, яғни «ақиқатты» анықтай алмауымен сипатталады. Біздің кезеңдегі көптеген адамдарды «фатр» дәуірінде өмір сүретіндер ретінде сипауға болады. Сондықтан «фатр» кезеңіндегі адамдар ешқашан «дінсіздер», «тозаққа лайықты күнәһарлар» деп сипаттала алмайды. Мұның үстіне, егер осы адамдардың ақиқатты ұғынуға мүмкіндігі болмаса, онда Алла тағала оларды кешіреді (бұл бір түсіндірме). Немесе мұндай адамдар Алланың кешіргенін қаласа, ең болмағанда, бір Жаратушының бар екендігін жүрегінде қабылдап, сенуі тиіс (екінші түсіндірме).

Осы инклюзивті дүниетанымға сай, барлық адамдар шартты түрде «иман келтіргендер» және «әлеуетті иман келтірушілер» деп екі категорияға бөлінеді. Исламға сәйкес, ешкім – адам Құдайға сене ме, сенбей ме деп қорытынды шығаруға құқы жоқ – бұл Құдайдың өзінің құзырындағы нәрсе. Бұл Матуриди, Ашари, Әбу Ханифа және басқа да ұлы ғалымдардың бірауызды пікірі. Олардың исламды, біздің санасы идеологияланған және діни тұрғыда сауатсыз кейбір замандастарымызға қарағанда, анағұрлым артық білгені күмән туғызбаса керек.

Сүннетті ұстанатын «ханафи»-мұсылмандар басым күшке ие болған мұсылман елдерінде мейлінше алуан түрлі және көп келбетті қауымдардың болғандығы бізге тарихтан белгілі. Әркім сенімінде, дүниетанымында, киген киімі мен ішіп-жеген тағамында қандай болса, сол күйінде мойындалған. Бұл Исламның түпнұсқаларынан туындаған діни императив болатын. Сондықтан барлық көне шіркеулер, яһудилік әртүрлі ағымдар, заратуштрашылар, сикхтар, тіпті шығыс әзәзілдері – ассасиндар, барлығы да сунниттік ислам әлемінен өздеріне орын таба алды. Бірақ бұл құндылықтар сунниттік ислам әлеміне «модернистік партикуляризмнің» (ұлтшылдықтың, шовинизмнің, конфессиялық төзімсіздіктің) келуімен өзгеріске түсіп, шайқатыла бастады.

Бұл сипатталған сүннеттік пайымдағы исламның дүние қабылдауының «жалпыны қамтушылығының» немесе «бауырмалдығының» көріністерін қазақ халқының дәстүрі мен ұлттық құндылықтарынан табуға болады. Мысалы:

– жалпыны қамтушылық пен бөтенсімеу мұсылман-қазақтардың рухани мұрасы мен зияткерлік дәстүрлеріне де, күнделікті тұрмыс-тіршілігіне де тән болып келеді. Сондықтан қазақтар бейбіт кезеңде буддист-жоңғарлармен де, христиандармен де, мысалы, орыстармен, казактармен (қазақтардың көбісінің орыстар арасында «тамыры» болған, қазақтар жоңғарлармен «анда» болып сауда жасаған, кейбірі тіпті отбасын құрған) тығыз қарым-қатынаста болған.

– Қазақтардың «рушылдығы» мәні жағынан құндылықты болды. «Қарға тамырлы қазақ», «қазақтар жөн сұраса кетсе туыс болып шығады» деген мәтелдер басқа руды, басқа жүзді бөтенсімей, ішке тартуынан келіп шығады.

– «құдалықты» биік тұтқан дәстүрлер (құда мың жылдық, күйеу жүз жылдық) және тұтастай рулар мен тайпаларды туысқа айналдырып жіберу үрдісі қазақтардың «инклюзивтілігін» дәлелдейді. Қазақтардың бұл менталитеті жұбайы мысырлық болған соң Египет тұрғындарына «Пайғамбардың туыстары» ретінде ілтипатпен қарауын мұсылмандарға өсиет еткен Мұхаммед пайғамбардың терең мәнді хадисімен үндес. Демек, Мұхаммед пайғамбар Мысырдың барлық тұрғындарына өз туыстарындай қараған (қазақтың тұтас рудың өкілдерін «құдалар» дейтіні сияқты).

– жеті атаға дейін үйленуге рұқсат бермей, керісінше, алыс рулар мен тайпалармен некеге тұрғандарды көтермелеу де осы жалпыны қамтушылық-

ты аңғартады. Нәтижесінде, қазақ тілінде соншалықты айрықшаланатындай диалектілер жоқ, тек аздаған жергілікті сөйлеу ерекшеліктері бар.

– қазақтардың «рушылдығы» басқа рулар мен тайпалар арасынан «жау» тауып, қақтығысуға емес, туыстардың бірнеше ұрпағына дейін жететін «тарамдалған туыстық байланыстар орнатуға» және өзара «ынтымақтастыққа» бағытталған. Өткеннен аракідік, ал қазір жиі байқауға болатын нәрсе бұл – осы «инклюзивистік тамырлық («рушылдық» деген дұрыстау) менталитеттің» өңінің теріс айналуы. Астарында мән-мағынасы бар дәстүрдің бәсекеге, ысырапқа айналуы осыны көрсетеді.

– қазақтардың жалпыны қамтушылығы мен бауырмалдығы қуғын-сүргінге ұшыраған халықтармен қарым-қатынасында да анық көрінген, 1920-жылдардың аяғы мен 1930-жылдардың басында қазақтар өздері аштан қырылып жатса да, Қазақстанға айдалған репрессияға ұшыраған әртекті халықтарды (кәрістер, немістер, түріктер, шешендер, күрдтер және т.б.) өз жеріне қабылдап паналатқан. Тіпті АЛЖИР, КарЛаг тәрізді оқшау орындарда қамауда жүргендерге аштан өлмесін деп, айдауылдардың көзіне тас лақтырғандай көрінетіндей етіп, құрт лақтырған.

Тұтастай алғанда, қазақ халқының өзінің дәстүрлі діни сенімі мен санасында, діни білімі мен практикасында иманның шарттарын да, исламның шарттарын да құндылықтық бағдарда ұстанды және адамдардың денсаулық, жыныстық, әлеуметтік жағдайлары ескерілді. Бақара сүресінде айтылғандай, «дінде зорлық жоқ», тегі мен дініне қарай басқаларды алаламады. Алайда иман келтіріп, мүмін болып қана қоймай, мұсылман болу үшін ислам шарттарын орындау қажет және иманды жүректе бекітіп қана қоймай (тасдиқ - иманды жүректе бекіту, осы тұста бір ескертетін нәрсе, Абайдың 38-сөзі деп айтылып жүрген шығарма осы иман негіздерін тамаша түсіндіріп беретін жеке трактат [10] болғандығы енді айтылып жүр), сол сенімін тілмен айтып, қоғамға жария ету (немесе икран – құқықтық мағынада міндеттемедегі шарттардың күнгірт болмай, айқын болуын білдіреді) исламның маңызды болмыстық құндылығы болып табылады. Сондықтан бұл түпкі метафизикалық болмыстарға деген шәксіз сенім имандағы, исламдағы және ихсандағы онтологиялық және аксиологиялық мәннің негізін құрайды.

Қорытынды

Қазіргі уақытта дәстүрлі ислам ұстанымын, әсіресе «ханафиттік мәзһаб» әдіснамасына сай талдау және адамзаттың әртүрлілігі бір-біріне қарсы тұрып қана қоймайтынын түсіну және түсіндіру өте маңызды, сонымен бірге, дін деңгейіндегі «тепе-тең ақиқаттарды» алдын-ала мойындау және алғыр ойлауды қалыптастыру мақсатында әралуандылықтың бірлігін мойындайтын және өзіне ұқсамайтын менталитетті жоғары адамгершілік доктринасы деңгейіндегі жатсынбайтын бейбіт әрі «тепе-тең өмір сүру бейнелерін» қалыптастыру маңызды мәнге ие болып отыр.

Сүннеттік исламның ханафилік-матуридилік доктринасының болмыстық және құндылықтық қырынан жаңаша пайымдау Қазақстанда және барлық орталықазиялық аймақта дамыған құқықтық мемлекет пен күшті азаматтық қоғам құрудың алғышарты бола алады. Қазақстанның мұсылман қауымдастығы ханафиттік мектеп әдіснамасына әділетті және төзімді қоғам құру мақсатында «инклюзивистік» және мәні жағынан «адал азаматтық» бірегейлікті қалыптастыруға үлес қоса білуі қажет. Осының барлығы Қазақстанды дамытудың ұзақмерзімді стратегиясында белгіленген басымдылықтарға байланысты болып келеді.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Седанкина Т.Е. Аксиология религии: Учебное пособие. – Казань: Изд-во КФУ, 2012. – 244 с.
- 2 Соколов В.В. Средневековая философия. – М.: Высш. школа, 1979. – 448 с.
- 3 Бердяев Н. Русская религиозная философия и коммунистический атеизм. – Париж, 1931. – 48 с.
- 4 Абдигалиева Г.К. Религиозная этика и аксиология. – Алматы, 2003. – 56 с.
- 5 Малкави Фатхи Хасан. Эпистемологическая интеграция: основы исламской методологии / пер. с англ. Т.М. Ястремской. – СПб.: Петербургское востоковедение, 2022. – 52 с.
- 6 Мухаммад Умар Фарук. На пути к нашей Реформации: от законничества к ценностноориентированным исламскому праву и юриспруденции / пер. с англ. Е.В. Музыкаиной. – СПб.: Петербургское Востоковедение, 2022. – 36 с.
- 7 Сейтбеков С. Иман негіздері. – Алматы: Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры, 2011. – 376 б.
- 8 Бухари, Иман, 3; Муслим, Иман, 57, 58; Абу Дауд, Адаб, 6; Абу Дауд, Сунна, 14; Насаи, Иман, 16.; Бухари (мухтасар), игілікті тәрбиелілік кітабы, хадис № 1950; Муватта, Хуснуль- Хулк, 9; Ибн Маджа, Зухд, 17 (4181, 4182); Ибн Маджа, Зухд, 17 (4185); Тирмизи, Бирр, 47 (1975); Али аль Муттаки, Канзуль Уммаль, 3/119; ас-Суюты, Аль-джами‘ ас-сагир, с. 155, хадис № 2584, Бухари, Хакима, Байхаки хадистерінің жинағы; Тирмизи, Бирр, 77 (2019); Аль-Бага, Мухтасар суна ат-тирмизи, с. 276, хадис № 2019; Тирмизи, Бирр, 55.; Ас-Суюты, Аль-джами‘ ас-сагир, с. 155, № 2583, № 2584, № 2585 хадистері; Бухари, Иман, 7; Муслим, Иман, 71; Муслим, Иман, 93; Тирмизи, Сифатуль-Кияма, 56.
- 9 Қазақстандағы діни бірегейліктің инклюзивтілігі мен эксклюзивтілігі мәселелері. Ұжымдық монография. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия; саясаттану және дінтану институты. – 2020. – 236 б.
- 10 Құнанбаев, Абай. Қара сөз. Поэмалар. – Алматы: Ел, 1993. – 272 б.

Transliteration

- 1 Sedankina T.E. Aksiologiya religii: Uchebnoe posobie [Axiology of Religion: Textbook]. – Kazan': Izd-voKFU, 2012. – 244 s.
- 2 Sokolov V.V. Srednevekovaya filosofiya [Medieval Philosophy]. – M.: Vysch. shkola, 1979. – 448 s.
- 3 Berdyayev N. Russkaya religioznaya filosofiya i kommunisticheskii ateizm [Russian Religious Philosophy and Communist Atheism]. – Parizh, 1931. – 48 s.
- 4 Abdigalieva G.K. Religioznaya etika i aksiologiya [Religious Ethics and Axiology]. – Almaty, 2003. – 56 s.

5 Malkavi Fatkhi Khasan. Epistemologicheskaya integratsiya: osnovy islamskoi metodologii [Epistemological Integration: Foundations of Islamic Methodology] / per. sangl. T.M. Yastremskoi. – SPb.: Peterburgskoe vostokovedenie, 2022. – 52 s.

6 Mukhammad Umar Faruk. Na puti k nashei Reformatsii: otzakonnichestva k tsnostno orientirovannym islamskomu pravu i yurisprudentsii [Towards our Reformation: from Legalism to Value-Oriented Islamic Law and Jurisprudence] / per. sangl. E.V. Muzykinoi. – SPb.: Peterburgskoe Vostokovedenie, 2022. – 36 s.

7 Seitbekov S. Iman negizderi [Basics of Faith]. – Almaty: Islam madenieti men bilimin qoldau qory, 2011. – 376 b.

8 Bukhari, Iman [Faith], 3; Muslim, Islam [Faith], 57, 58; Abu Daud, Adab [Manners], 6; Abu Daud, Sunna [Sunnah], 14; Nasai, Islam [Faith], 16.; Bukhari (mukhtasar [brief]), igilikti tarbielik kitaby [book of good upbringing], khadis [hadith] № 1950; Mubatta, Khusnul-Khulk, 9; Ibn Madzha, Zuhd, 17 (4181, 4182); Ibn Madzha, Zuhd, 17 (4185); Tirmizi, Birr, 47 (1975); Ali al Muttaki, Kanzul Ummal, 3/119; as-Suyuty, Al-jami' as-saghir, p. 155, hadith № 2584, Bukhari, Khakima, Baikhaki khadisterinin zhinagy [Hakima, a collection of Bayhaki hadiths]; Tirmizi, Birr, 77 (2019); Al-Baga, Mukhtasar sunan at-tirmizi, p. 276, khadis № 2019; Tirmizi, Birr, 55.; as-Suyuty, Al-jami' as-saghir, p. 155, № 2583, № 2584, № 2585 khadisteri; Bukhari, Iman [Faith], 7; Muslim, Islam [Faith], 71; Muslim, Islam [Faith], 93; Tirmizi, Sifatul-Kiyama, 56.

9 Qazaqstandaq dini biregeiliktin inklyuzivtigimen eksklyuzivtiligi maseleleri. Uzhyndyq monografiya [Issues of Inclusiveness and Exclusivity of Religious Identity in Kazakhstan. Collective Monograph]. – Almaty: QR BGM GK Filosofiya, sayasattanu zhane dintanu instituty. – 2020. – 236 b.

10 Qunanbaev A. Qara soz. Poemalar [Black word Poems]. – Almaty: El, 1993. – 272 b.

Сатершинов Б.М., Белтенев Ж.М.

Аксиологические проблемы традиционного ислама в Казахстане

Абстракт. В период глобального развития цифровых информационных технологий исламский мир ищет подходящий ответ современным вызовам. В связи с тем, что в духовной, культурной, социальной и политической жизни мусульман происходят серьезные изменения, этот период называют постпривычным периодом. Казахстан не может оставаться в стороне от этого требования времени, необходимо будет научно определить направление развития исламской религии, которой следует большинство населения. Для этого, прежде всего, наряду с историческими особенностями традиционного ислама, необходимо изучить его онтологический и аксиологический смыслы и значение для общества в новой реальности. В статье анализируется соотношение ценностной ориентации и законничества в исламе.

Ключевые слова: аксиология, методология, религиозная традиция, инклюзия, ислам, ханафия, шариат.

Satershinov B., Beltenov Zh.

Axiological Problems of Traditional Islam in Kazakhstan

Abstract. During the period of global development of digital information technologies, the Islamic world is looking for a suitable response to modern challenges. Due to the fact that major changes are taking place in the spiritual, cultural, social and political life of Muslims, this period is called the post-religious period. Kazakhstan cannot remain aloof from this requirement of the time; it will be necessary to scientifically determine the direction of development of the Islamic religion, which is followed by the majority of the population. To do this, first of all, along with the historical features of traditional Islam, it is necessary to study its ontological and axiological meanings and significance for society in the new reality. The article analyzes the relationship between value orientation and legalism in Islam.

Key words: axiology, methodology, religious tradition, inclusion, Islam, hanafia, sharia.

«ЗАМАНЫМЫЗДА БОЛҒАН ҒҰЛАМАЛАРДЫҢ ҒҰМЫР ТАРИХТАРЫ» АТТЫ ЕҢБЕКТЕГІ СОПЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІНЕ ТЕОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

¹Оқан Самет, ²Бағашаров Құдайберді Сабыржанұлы,
³Шәдекұлы Нұршәріп

¹samet_05@mail.ru, ²kanuh12345@gmail.com,
³nursharip.shadekuly@gmail.com

^{1,3}Египет Ислам мәдениеті университеті (Алматы, Қазақстан)
²ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты
(Алматы, Қазақстан)

¹Okan Samet, ²Bagasharov Kudaiberdi, ³Shadekuly Nursharip
¹samet_05@mail.ru, ²kanuh12345@gmail.com,
³nursharip.shadekuly@gmail.com

^{1,3}Egyptian University of Islamic Culture (Almaty, Kazakhstan)
²Institute of Philosophy, Political Science and Religious
Studies CS MSHE RK (Almaty, Kazakhstan)

Аңдатпа: Бұл мақалада көрнекті қоғам және дін қайраткері, аудармашы, ақын Сәдуақас қажы Ғылманидың «Заманымызда болған ғұламалардың ғұмыр тарихтары» атты еңбегіндегі кейбір діни пайымдар мен түсініктер талданады. Аталған еңбекте XIX-XX ғғ. өмір сүрген ғұламалардың фикһта Ханафи мәзһабын, сенімде Матуриди жолын ұстанғандығы медреселерде оқытылған еңбектер мен пәтуа берген кітаптар арқылы дәлелденіп көрсетілген. Бұған қоса, сол заманда дін мамандары арасында талас-тартыс тудырған кейбір сопылық мәселелер қамтылған. С. Ғылмани «Мұхаммед пайғамбарға не үшін салауат айтамыз?», «Имам Әбу Ханифа пірге қол берген бе?» және «Қайтыс болған адам тірілерге жәрдем ете ала ма?» деген секілді теологиялық мәселелерге берілген жауаптарды салмақтап, өзіндік дәлел-дәйектерімен түсіндірме жасайды. Әруақтар желеп-жебей ала ма, пірге қол беру міндетті ме, пайғамбарға салауат айту секілді мәселелер қазіргі қазақ қоғамы үшін де өзектілігін сақтап келе жатқан тақырыптар. Сәдуақас қажы Ғылмани «Біз әр пайғамбарды қауымына ақиқатты ашып түсіндірсін деп, тек өз қауымының тілінде сөйлейтін етіп жібердік» деген аятқа түсіндірме бергенде, дін адамдарын үшке бөліп қарастырады: астамдыққа не нұқсандыққа барғандар және орташа қалыптан таймағандар. Өзі соңғысын жөн көрген. Әрі аталмыш аяттың тәпсірі негізінде әр халықтың өз әдет-ғұрпы, өмір сүру салты барын басты назарға алып, дінде әдеп иесі болуды және орта қалыптан ауытқымауды насихаттаған.

Осы себепті мақалада авторлар С. Ғылмани түсіндірмесін бүгінгі күн тұрғысынан таразылап, теологиялық негіздерін нықтайды. Көтерілген мәселелерді қазіргі уақыт тұрғысынан қайта бағамдап, маңызды қырларын ашып көрсетіп, берілген жауаптарды оқырманға түсінікті етіп толықтыра түседі.

«ЗАМАНЫМЫЗДА БОЛҒАН ҒҰЛАМАЛАРДЫҢ ҒҰМЫР ТАРИХТАРЫ» АТТЫ ЕҢБЕКТЕГІ СОПЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІНЕ ТЕОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

¹Оқан Самет, ²Бағашаров Құдайберді Сабыржанұлы,
³Шәдекұлы Нұршәріп

¹samet_05@mail.ru, ²kanuh12345@gmail.com,
³nursharip.shadekuly@gmail.com

^{1,3}Египет Ислам мәдениеті университеті (Алматы, Қазақстан)
²ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты
(Алматы, Қазақстан)

¹Okan Samet, ²Bagasharov Kudaiberdi, ³Shadekuly Nursharip
¹samet_05@mail.ru, ²kanuh12345@gmail.com,
³nursharip.shadekuly@gmail.com

^{1,3}Egyptian University of Islamic Culture (Almaty, Kazakhstan)
²Institute of Philosophy, Political Science and Religious
Studies CS MSHE RK (Almaty, Kazakhstan)

Аңдатпа: Бұл мақалада көрнекті қоғам және дін қайраткері, аудармашы, ақын Сәдуақас қажы Ғылманидың «Заманымызда болған ғұламалардың ғұмыр тарихтары» атты еңбегіндегі кейбір діни пайымдар мен түсініктер талданады. Аталған еңбекте XIX-XX ғғ. өмір сүрген ғұламалардың фикһта Ханафи мәзһабын, сенімде Матуриди жолын ұстанғандығы медреселерде оқытылған еңбектер мен пәтуа берген кітаптар арқылы дәлелденіп көрсетілген. Бұған қоса, сол заманда дін мамандары арасында талас-тартыс тудырған кейбір сопылық мәселелер қамтылған. С. Ғылмани «Мұхаммед пайғамбарға не үшін салауат айтамыз?», «Имам Әбу Ханифа пірге қол берген бе?» және «Қайтыс болған адам тірілерге жәрдем ете ала ма?» деген секілді теологиялық мәселелерге берілген жауаптарды салмақтап, өзіндік дәлел-дәйектерімен түсіндірме жасайды. Әруақтар желеп-жебей ала ма, пірге қол беру міндетті ме, пайғамбарға салауат айту секілді мәселелер қазіргі қазақ қоғамы үшін де өзектілігін сақтап келе жатқан тақырыптар. Сәдуақас қажы Ғылмани «Біз әр пайғамбарды қауымына ақиқатты ашып түсіндірсін деп, тек өз қауымының тілінде сөйлейтін етіп жібердік» деген аятқа түсіндірме бергенде, дін адамдарын үшке бөліп қарастырады: астамдыққа не нұқсандыққа барғандар және орташа қалыптан таймағандар. Өзі соңғысын жөн көрген. Әрі аталмыш аяттың тәпсірі негізінде әр халықтың өз әдет-ғұрпы, өмір сүру салты барын басты назарға алып, дінде әдеп иесі болуды және орта қалыптан ауытқымауды насихаттаған.

Осы себепті мақалада авторлар С. Ғылмани түсіндірмесін бүгінгі күн тұрғысынан таразылап, теологиялық негіздерін нықтайды. Көтерілген мәселелерді қазіргі уақыт тұрғысынан қайта бағамдап, маңызды қырларын ашып көрсетіп, берілген жауаптарды оқырманға түсінікті етіп толықтыра түседі.

Түйін сөздер: Сәдуақас қажы Ғылыми, ғұламалар, Ханафи мәзһабы, Матуриди ақидасы, сопылық, үкім, пірге қол беру, тәуәссул, әруақ, салауат.

Кіріспе

Сәдуақас қажы Ғылимидың (1890-1972 жж.) «Заманымызда болған ғұламалардың ғұмыр тарихтары» атты еңбегінде ХІХ-ХХ ғғ. негізінен Қазақстанның солтүстік және орталық аймақтарынан шыққан ғұламалардың өмірбаяны кең көлемде жазылған. Бұған қоса, сол кезеңде қоғамда талас-тартыс тудырған «ақида», «фиқһ» және «сопылық» мәселелерінің тұщымды жауаптары Ханафилик-Матуридилік мәзһаб негізінде беріліп отырған.

ХІХ-ХХ ғғ. өмір сүрген дін ғұламаларының арасында Бұхара, Түркия және Мысыр сынды елдерден он-жиырма жылдан оқып келген, білімді ұстаздардың медреселерде шәкірттеріне араб тіліндегі классикалық «Хидая», «Шарх әл-Уиқая», «Фатауа-и Хиндия», «Таузих-Талуихы» сынды Ханафи мәзһабының әйгілі фиқһ кітаптарымен қоса, «Фықһ-и акбар», «Шарх-и Молла қари», «Ақайыд-и Насафи» сынды Матуриди ақидасының негізгі кітаптарын оқытқандары айтылады. Бұдан қазақ жеріндегі медреселерде фиқһта Ханафи мәзһабы, ақидада Матуриди мектебінің еңбектері оқытылғанын көреміз. Әрі осы тұран даламыздағы медреселерді бітірген шәкірттердің де аталмыш классикалық кітаптарды жетік меңгеріп, халыққа уағыз-насихатты, түрлі фәтуаларды сол кітаптар арқылы беретін дәрежеде жетіліп шыққандары да олардың өмірбаянында кең қамтылған.

Зерттеу әдістемесі

Ағымдағы мақалада «Заманымызда болған ғұламалардың ғұмыр тарихтары» атты еңбектің мазмұнына холистикалық және тақырыптық әдістер негізінде экзегетикалық, сонымен қатар герменевтикалық талдау жасалды.

Мәзһаб ұстану қажеттігі

Еңбектен Кәкібай сынды кейбір көрнекті тұлғалардың заманауи мәселелерде ижтиһад жасай отырып, Ханафи мәзһабы ғалымдарының көзқарасынан өзгеше пікірді білдіруді де жөн санағанын көреміз. Еңбектің бір жеріндемынандай әңгіме өтеді:

«Бейіс марқұм бір мәжілісте Абд ал-Хақиммен (Кәкібай Теміржанұлы хазіретпен) бірге болып, халықтың көпшілігі бұрын естімеген соң сүймейтін біраз мәселелер сөз болғанын айтады. Соның бірі «мазһабқа тақлид-и шар‘и лазым нәрсе емес» деген мәселе болды. Сол туралы мен: «Тақсыр, ғұламаларымыз ханафи мазһабына еруді міндет санап бастап оқыған «Иман шарайыты» деген кітабында да, амалда мазһабым Имам Ағзам, и‘тиқадта

мазхабым Әбу Мансур Матуриди деп айтпады ма?» - дегенімде, маған: «Ол «Иман шарайыты» кітап халықтың діни тұтынған жолын оңай оқысын деп жазылған кітап қой, біз өз қолымызда қолданып жүрген кітаптарды тексерсек, бұл сөз біз ғана айтқан емес. Бәлкі үлкен кітаптардың өзінде жазылған мәселе. Сіз «Айн ал-илм» кітабының Әли әл-Қари кітабын анықтап оқып қараңызшы, соның ішінде: «Инна Аллах Та‘ала ләм йукаллиф ахадан ан йакун ханафийан, ау ханбалийан, ау мәликийан, ау шафи‘ийан, бал каллаф Аллах ан йа‘мал бил Китаб уа-с-сунна (Аудармасы: ақиқатында, Алла Тағала ешкімге Ханафи, Ханбали, Мәлики немесе Шәфиғи болуды діни бір міндет қылмады. Бәлкі, Құран және сүннетке амал етуді міндеттеді) (авт.)», - деді [1, 159-160 бб.].

Бұл жерде Абд ал-Хаким хазірет «Мәзһаб ұстанудың керегі жоқ. Бізге Құран және сүннет жеткілікті» деген көзқарас айтып отыр деп түсінсек қателесеміз. Өйткені, ол кісі: «Иман шарайыты» кітап халықтың діни тұтынған жолын оңай оқысын деп жазылған кітап қой» деп, көпшілік мұсылман қауымның бір мәзһабты ұстануын, әсіресе, қазақ халқының күнделікті фиқһтағы ғибадат мәселелерінде бірізділікте болып, Ханафи мәзһабын, сенімде Матуриди мәзһабын ұстануын міндеттейді. Ал, әр кезеңде туындаған заманауи әлемдік мәселелерде білім адамдарының үкім шығару ісінде Құран мен сүннетті басшылыққа алған төрт мәзһабты салыстырмалы қарастыра отырып, көзқарас білдіру мұсылман әлемінің үздіксіз дамуының басты шарты ретінде қарастырады.

Салауат айтудың мәні

Күллі түркі әлеміне сопылық мектептің негізін салған, қазақ даласынан шыққан кемеңгер, руханият жаршысы Қожа Ахмет Ясуи бабамыз десек артық айтқандық емес. Сопылық мектептің негізі қазақ даласында қалануынан да болар «Ишанға қол беру, пірге мүрид болу» ісі Қазақстан аумағында кең тараған. «Ишан, хәлпе және пір» сияқты сопылық атақ, лауазымға лайық болған молда-қожалар да дін жолында көп еңбек еткендігін білеміз. Еңбектегі осы сопылық іліммен қатысты болған бірер мәселеге теологиялық тұрғыдан талдау жасайық.

Сәдуақас қажы Ғылмани «Алла елшісіне (с.ғ.с.) не үшін салауат айтамыз?» деген сұраққа қатысты Кәкібай молданың берген жауабын теріске шығарады.

Бір мәжілісте Мұқат-молла бір сұрақ қойды: «Пайғамбарлар ма’сумдыққа* ие. Оларға біз не үшін салауат айтамыз?» - деген. Басқа молдалар еш сөз айтпады, жалғыз-ақ Кәкібаймолда жауапқа кірісіп: «Алла Тағала жоғарының жоғарысы «муқаддас» зат. Пенделер болса, төменнің ең төмені дәрежедегі

* Масумдық: күнәдан пәктік (авт.)

«әсфалилер». Сол алып екі орталықты жақындастырып, қаулымен сөзін жеткізетіндер – пайғамбарлар, біздің пайғамбарларға салауат айтуымыз, сол алыс жоғарының жоғарғысы болған Алла Тағалаға біздің мұң, зар тілегімізді жеткізу үшін сауалат айтылады», - деп жауап берді.

С. Ғилмани бұған өзіндік уәжін былай келтіреді: «Бүгінде кітаптарды тексеріп пайда-зарар барлығының жаратылыс әлеміне қойылған суннат Аллаға байланысты болып, сол әлемде барлық істі бір себепке тіреп, ғаламда аспап (себеп) орнатып, сол аспаптар орнымен атқарылса пайда бақыт, орнымен атқарылмаса, зарар, бақытсыздық, мұны «суннат Аллаһ» деп атайды. Сондықтан «**Хува ад-Дарр, Хува ан-Нафи'** (пайда, зиян беруші)» Алла ғана. Ендеше салауат айтудағы *хикмет* бұл Абдулхаким хазірет айтқандай болмаса керек. Онда Алладан басқаны *әһлі кітаптың*: «**Ма на'будухум илла ли-йуқаррибуна зулфи** (Біз оларға (яғни, бұт және т.б.) бізді Аллаға жақындату үшін ғана ғибадат етеміз, - деген сөздеріне сай болады. Ендеше салауат Алладан, періштеден, пенделерден барлығы «А'ла даражат ан-Наби (пайғамбар дәрежесін көтеру)» болады. «Изхар-и махаббат (ашық сүйіспеншілік таныту)» болады. Сол үшін салауат айтылады)» [1, 122 б.] – дейді.

Сәдуақас қажы Ғилмани жоғарыдағы Абдулхаким хазіреттің (Кәкібай-молданың) салауат айту туралы «біздің пайғамбарларға салауат айтуымыз, сол алыс жоғарының жоғарғысы болған Алла Тағалаға біздің мұң, зар тілегімізді жеткізу үшін сауалат айтылады» көзқарасын теріске шығарады. Салауат айтуды бұлай түсіну көпшілік мұсылман қауымды туралықтан адастырады, бұтқа табынған мүшріктер мен өз пайғамбарларын құдай дәрежесіне көтерген кітап иелері сияқты пайғамбарды құдай орнына қоюға ұрындырады деп қарайды. Сәдуақас қажы Ғилманидің бұл пікірі діни білімі таяз көпшілік мұсылман халқын қателікке ұрындудан сақтандыру тұрғысынан дұрыс. Ал Абдулхаким хазіреттің пікірінде тұтас қате деуге келмейді. Себебі, пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) күллі адамзатқа Жаратушы иені тану, Алла разылығын табу жолын көрсетуде бір себепкер ретінде жіберілді. Әрі салауат айту арқылы Пайғамбарымыздың да (с.ғ.с.), өзіміздің де дәрежеміз көтеріледі. Яғни, біздің әрбір салауатымызға Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жауап береді және сол арқылы екі дүние ісіміз жеңілдейді. Абдулхаким хазіреттің пікірін осы тұрғыдан да түсінуге болады. Бұл дегеніміз, Пайғамбарымызды (с.ғ.с.) құдай дәрежесіне көтеріп, табынуды ұқтырмаса керек.

Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) салауат айту арқылы дәрежеміз көтерілгені сияқты мүміндер бір-біріне дұға ету арқылы да дәрежелері көтерілмек. Күнделікті бес уақыт намазда «Фатиха» сүресін оқып, ішіндегі «**Бізді нығметіңе бөленгендердің тура жолына сала көр...**» деген дұға аяттары арқылы мұсылмандар бір-біріне дұға жасайды. Бір мұсылман үшін жер бетіндегі миллиард мұсылман күніне неше мәрте дұға жасайды. «*Мұсылман*» атауы адам баласы үшін берілген ең жоғары атақ. Бұған қоса, имани бауырластық, тілеулестік адамның қайтыс болуымен үзілмейді, Алланың

қалауымен қайтыс болған кісінің тірілерге, тірілердің өмірден өткен марқұмдарға тигізер пайдасы, берері бар.

Күллі жаратылысты жарылқау да, зиян беру де күдіреті күшті жалғыз Аллаға тән екендігін және Алла қаншалықты ұлық болғанына қарамастан, «Суннатулланы» (яғни, Алла жер бетіне қойған заңдылықтарын), әрбір істің себептерін толыққанды орындаған адам баласы мен Жаратушы иесі арасында бір шекара болмайтын болса, пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.ғ.с.) салауат айтуды да сол себептердің бірі деп ұққан жөн.

Әбу Ханифаның пірге қол беру мәселесі

«Имам Әбу Ханифа пірге қол берген бе, жоқ па?» деген сұрақ қоғамда ара-кідік сөз етіліп жүрген даулы мәселелердің бірі. Сәдуақас қажы Ғылмани еңбегінде де имам Әбу Ханифаға байланысты осы мәселеге тоқталған.

Сәдуақас қажы Ғылмани өзінің шәкірт болып жүрген кезін әңгімелей келіп, «Ол уақытта ишанға қол беріп, мүрид болу ең бір зор мақсат еді. Кім болса да, күш-қуаты барып қайтарлық жолына жететін болса, пәлен ишанға қол беруге баратын...» деп, сол қоғамда пірге қол бермеген адамның құлшылық-ғибадаты бекер деген түсінік кең тарағанын айтады. Сөйтіп, имам Ағзам Әбу Ханифамен байланысты кітаптарда келетін төмендегі мәтінге түсініктеме береді.

Ол мынау: «**Луа ла ас-санатани ал-ахиратани ла-халака Ну‘ман-и Сабит**», - деген, яғни ғұламалар осы сөзді Имам Ағзам хазіреті қайтыс болғаннан кейін, му‘асырларының (замандастарының) бірінің түсінде көрініп, көрген кісі: «Уа, имам! Халыңыз нешік болды?» - дегенде, осы сөзді айтқан екен: «Мен соңғы екі жылда пірге кіріп, тариқат жолын қабылдап едім. Сол екі жылым болмаса, Сәбит баласы Нұғман әлек* болған болатын еді» деген мазмұнда. Тариқат жолын қуаттаушылардың, ұстазымыздың да аузынан осыны естігеніміз бар. Осыған сүйеніп, пірге қол беру бір машық қылынған жол болған. Соның әсері бұл ұстаздардың да қабылдап жүргені. Әрине тасаввұфаты соңынан пайда болса да, «Китаб-и суннаттың» **«Ибтифа’ан ли-уаджх Аллаһ! –** деген салаф жолы **Халисан ли-уаджх Аллаһ!** болған бір ғибадат мамдуха болса, мута’аххирин, яғни хижраттан төрт қарыннан (ғасыр) кейін басқа түс киіп, салаф тариқаты бұзылып, бидғат тариқаты жол алып, көп адамдар соңғыға мағрур мафтун болып кеткені мағлұм. Хақиқатты тексерген ғұлама біздің заманымыздың сүйенгендерінен тексере келгенде, басы мухтари’ бидғат (таңдаулы бидғат) бір жол болса, аяғы «Ман дуна Аллаһдан» исти‘анат истимдад-и куфрге (Алладан басқадан жәрдем күту) жақындайтын ширкат фи-л-‘ибадат, бәлки фи-л-‘итиқадат қатарлы жол екені мағлұм болды.

* Әлек: халак, яғни құритын еді деген мағынада (авт.)

Солай болғанда біздің ұстаздар одан жоғары ғалымдарымыздың *истинад* қылған жоғарғы дәлелдеріне не жауап айту керек? Оның жауабы:

1) Ру'йат адилла-и шар'ийадан емес (түс шарғи дәлел емес). «**Уа-л-илхам лайса би-худжжатин**(илхәм дәлел саналмайды)» усул-и фикһ уа 'илм-и калам иелерінің сөзі ашық дәлел.

2) Жоғарғы дәлел қылған сөздің ғибрасын теріс ұғынған. Оның дұрыс ғибрасы «**Лау ла ас-санатани**» емес, «**Лау ла ас-санадани**», яғни екі санад болмаса, яғни **Китаб Аллаһ, суннат Расул Аллаһ** болмаса, әлек болады екенмін мазмұнында. Бұл соңғы хақиқатты муа'асыр ғалымдарымыздан «А'лам» намына сай болған Дамолла Мұхаммад-Әмин хазіреттің тақирінде зікір қылынды. Бина'ан 'алейх: тахқиқат, татби'ат болмаған заманда, осы сияқты мусаһалалар көп уақи' болған екен. Аслаха Аллаһ Тағала халана уа хал ал-' улама' ал-му'асирин 'ан ал-мусахалат уа ат-тағафул, амин йа Муджиб ас-сайилин!» [1, 130-131 бб.].

Бұл жерде автор тариқат жолын қуаттаушылар, тіпті, ұстазы Ахмет те «Мен соңғы екі жылда пірге кіріп, тариқат жолын қабылдап едім. Сол екі жылым болмаса, Сәбит баласы Нұғман әлек болған болатын еді» деген мазмұндағы» деген ойды жақтайды дейді. Сөйтіп, келтірілген дәлелді жаңсақ түсіну барын, дұрысы діннің негізі болған Құран мен сүннет. Яғни, «*Екі сәнәд (Құран және сүннет)*» болмағанда адасар едім деп отырғандығын айтумен қатар, түстің де шарғи бір дәлел емес екендігін ескертеді.

Дін ғалымдары Әбу Ханифадан жеткен аталмыш риуаят сүнниттік ғалымдардың еңбектерінде болуы былай тұрсын, шииттік бағыттағы классикалық еңбектерде де жоқ екендігін айтады. Ал аталмыш риуаят соңғы ғасырларда шииттік Рафиди ағым өкілдерінің жалған ойдан тоқыған риуаяты екендігін қуатты дәлелдермен дәлелеп көрсеткен [2, 140 б.]. Демек, осындай ойдан тоқылған жалған риуаяттардың салдарынан кеше халық арасына бүлік салғандар, бүгін де «Сендерді Түркістанға қажылыққа апарамыз», «Пірге қол бермегеннің құлшылық-ғибадаты қабыл емес» деген сынды түсінік қалыптастырып халықты адастыруға апарды.

Пірге қол берудің екінші бір мәні – мұсылмандардың бірігуі, бір-біріне қол ұшын беріп, жәрдемде болуы. Дінімізде көпшілік мұсылмандар бірігіп жасаған істің мол сауабы сол көпшіліктің арасында болған жеке бір мұсылманға да кеміместен тура сондай мол сауап жазылады. Жеке адам көппен бір қол жеткізген бір күннің сауабын жеке адам бір өзі бір айда да, бір жылда да, тіпті, өмірінде де таба алмауы мүмкін. Міне, осы тұрғыдан пірге қол беруді Әбу Ханифаның және әр ғасырда келетін мұсылман ғалымдарының даналықпен бастамашы болған игілікті істерде бірігуді білдірді. Немесе пірге қол беруді жеке бір тұлғаны ұлықтап, бір жерге жиналып бас шұлғу тәрізді іспен өлшеу үлкен қателік.

Әруақтың тірілерді қолдауы

«Әруақ қолдасын!», «Өлі разы болмай тірі байымайды» немесе «Қайтыс болған адам жәрдем ете ала ма?» деген сұрақтың әр кезеңде сөз етіліп келе жатқаны белгілі. Қазақ халқының арасында, әсіресе, халықтың құрметіне бөленіп жүрген қарияларымыздан бата-тілек сұрала қалса, «Құдай жарылқасын, әулие қолдасын» деген сынды бата беріп жатады. Бүгінде мұндай бата тілеуді біреулер «Аллаға серік қосу» десе, енді біреулер сопылық іліммен байланыстырып ақтап жатады.

Еңбекте Нұралының Барлыбайы, Исабек Ишан Мұратұлы туралы былай баяндағанын келтіреді: «Біз ол үйде жанымда шәкірттер бар қонақта едік. Олжабай да бар. Бір мәжіліс үстінде сол Ишан жайында сөз болып, ол кісінің караматын мен көзбен көрдім. Менің Таубай деген балам көзі ауырып, шоқпардай ісіп, түк көрмейтін ауру болды. Сол Ишанның қабіріне кісі қосып жіберіп, сонда басына түнеп қайтып келді. Көзі шырақтай жанып, сол түнегеннен кейін жазылып кетті», - деді.

Мен ол уақытта өзіміздің Төре ауылында шәкірт жинап, дәріс айтып тұрған кезім. Басқа кітаптан болмаса да, «Хуласат ал-маса'ил» кітабында өлген адамның қабірінен жәрдем сұрау дұрыс емес, бәлкі: «Жәрдем береді деп игтиқад қылса, кісі кәпір болады», - дегенді еске алдым. Барлыбайды сыйлап, халық Бабай дейтін. Мен ол кісіге қарап: «Бабай! Сізді бір шайтан айлалап, тұзағына түсіру үшін балаңыз Таубайды көзіне қойып ісірген екен. Сонымен сізді дұрыс болмаған бір игтиқадды көңіліңізге бекітіп, мақсатына жеткен екен», - деп айтып салғаным болды. Бабай сөзін, ісін жөндемек боп тоспақшы болып еді, Олжабай марқұм: «Бабай, орынсызға таласасыз ба, өлгеннен тілек орынды да емес қой», - деп тоқтатып тастады. Тірі адамнан дұға, үміт қылу орынды. Дұрыстығында талас жоқ. Ал өлген адамның қабіріне түнеп, медет, жәрдем сұрау шарифатта дұрыс болмаған бір іс. Бірақ халық «әруақ», «пір» деген сөз жүректеріне имандай сіңірген бір істері. «Әруақ жебемей, тірі байымайды», - деген мәтел ең барып тұрған қуатты жолы. Соның арқасында кісісі өлген үй бір той қылған ордадан кем түспейді. Әрине, қонағасы, үші, жетісі, қырқы, жылы, екі жылдығы деген тағы бар. Осылардың барлығы шарифатта жоқ...» [1, 139-140 бб.] делінеді.

Бұл жерде Сәдуақас қажы Ғылмани «Әруақтан жәрдем сұрау Аллаға серік қосу» және «Қайтыс болған адамның жетісін, қырқын және т.б. беру шарифатта жоқ» деген екі мәселені көтереді. Осы екі мәселе төңірегінде қысқаша діни еңбектер мен бүгінгі таңдағы танымал дін ғалымдарының көзқарастарына қысқаша тоқталып көрелік.

Ғұламалар қайтыс болған адамның әруағын Алладан жоғары қойып, әруақ жеке өзі жарылқауға құдіретті деп сенудің Аллаға серік қосу екендігіне бірауыздан келіскен. Сәдуақас қажы Ғылмани хазіреттің де осы мағынада әруақтан жәрдем сұраудың Аллаға серік қосу екендігін айтып отырғаны

анық. Ал енді, әруақ – ол жаратылыс, жеке-дара ешкімге пайда тигізе алмайды. Алланың қалауымен ғана қайтыс болған адамның әруағы мен тірі адам арасында белгілі деңгейде байланыс, бір-біріне пайда игізу болады деп сену Аллаға серік қосуға апармайды. Себебі, бұл жерде жарылқау да, қолдау да Алланың шешімімен, рұқсатымен болып тұр.

Адам баласы қайтыс болғаннан кейін де оның «рухы», «әруағы» мәңгі жоқ болып кетпей, бәлкі, адамдардың өмірдегі пайғамбарлық, шәһидтік, әулиелік және қарапайым мұсылман болу дәрежелеріне қарай рухтары да Бәрзах әлемінде әртүрлі мекенде болатыны «Бәхрул Кәлам» сияқты Өһлу сунна уәл жәмәғаттың ақида негіздерін қамтыған еңбектерде кең көлемде түсіндіріледі [3, 748-754 бб.].

Ибн Қайым өзінің «Әр-Рух» атты еңбегінде: «Біз суреттей (өлшей) алмайтындай рухтардың күш, қуаты болады. Тіпті, қуатты бір рухтың өзі бір әскери қосынға ықпал етеді. Біз оның сырын нақты айта алмасақ да, оны растаймыз», - деді. Сондықтан, тірі адамнан немесе өлген кісінің рухын дәнекер етіп дұға жасау, көмек етуін өтіну дұғаның бір түріне жатады. Сондай-ақ, ислам негіздері мұндай істі оларға табыну, ғибадат ету мағынасына жатқызбайды. Бәлкі, олардың әр екеуінің (қайтыс болған немесе тірі адамның) Алланың құзырында болған құрметін дәнекер етуді, тәуәссул қылуды білдіреді. Яғни, Аллаға ұсынылған, дәнекер етілген нәрсе, ол – тірі адамнан болсын, қайтыс болған адамнан болсын ізгі амалы (Алланың құзырындағы адамның құрметі). Ізгілік тірі адамда да, қайтыс болған адамда да әрдайым рухымен (денемен емес) бірге болады. Рух Бәрзах әлеміндегі мекеніне жайғасқан кезінде де бірге бола береді. Қасиетті Құранда: «**Адамдардың әрқайсысының өз қолымен істеген (жақсы-жаман) істеріне қарай өзіндік дәрежесі болады**» («Әнғам» сүресі, 132-аят), «**Олар не қаласа, соның бәрі Раббыларының құзырында дайын тұрады**» («Зұмар» сүресі, 34-аят), «**Олар (Алланың нығметтеріне бөлегендер) өздерімен әлі қауышпаған дін бауырларын (Алламен қауышқанда) олар үшін де ешқандай қорқыныш жоқ екенін айтып сүйіншілейді**» («Әли Имран» сүресі, 170-аят) деген және т.б. аяттарында білдіріледі [4, 224-225 бб.].

Өлгендер мен тірілер арасындағы рухтар байланысын бұл дүниедегі адамдар арасындағы рухани байланыстың жалғасын табуы десекте болады. Яғни, имани бауырластықтың ғұмыры шектеусіз, екі дүниемен де қатысты.

Ал, қазақ халқының арасындағы қайтыс болған кісінің «жетісін, қыркын және жылдығын» беру сынды дәстүрін теология ғылымының докторы, доцент Алау Әділбаев: «Жетісін, қыркын беру ғұрпы қазақ халқының тұрмыс ерекшелігінен туындаған үрдіс» деп, көшпелі өмірдің қажеттілінен туындаған, орындалуы шариғатқа қайшы іс емес екендігін айтса [5], белгілі теолог Абдусамат Қасым Таус ибн Қайсан жеткізген: «Шынында, мәйіттер (қабірге қойылғаннан соң) жеті күн бойы сынаққа дұшар болады. Осыған орай, олар (сахабалар) осы күндері сол мәйіттердің атынан ас беруді ұнамды

санайтын» деген сынды риуаяттар мен ғалымдардың көзқарасын дәлел қыла отырып, аталмыш күндерде марқұмның атынан ас берілуін ұнамды іске жатқызады, түп-төркіні ислам деректерінде бар деп қарастырады [6].

Нәтижелері және талқылау

Сәдуақас қажы Ғылмани дінді ұстануда немесе діни мәселелерге жауап беруде сақтықты және бұқара халықтың деңгейіне түсіп пәтуа беруді басты назарға алған деуге болады. Оған дәлел жоғарыда келтірілген» Алла елшісіне (с.а.с.) не үшін салауат айтамыз?», «Имам Әбу Ханифа пірге қол берген бе?» және «Қайтыс болған адам тірілерге жәрдем ете ала ма?» деген мәселелер төңірегінде берген жауаптары.

Бұл мәселелердің әрбірі, әсіресе, соңғы мәселеге діни үкімдік қырымен қатар, мәселенің рухани жағына да үңіле отырып кең түсініктеме беруді қажет етеді. Яғни, дінде негізі бар кейбір мәселелерге үкім шығармай тұрып шарифатқа қайшы қырын ашып көрсетумен қатар, дұрыстығы бар жағы да айтылуы тиіс. Сәдуақас қажы Ғылмани дінде әдептіліктен таймай, орта жолды нық ұстана білгенін көреміз.

Кешегі кезеңде де дін ұстанушы адамдарының бәрі ғалым, тақуа болмағандығын, олардың арасында да бүгінгі күндегідей бүлікшіл, мәзһабты мойындамайтын және дүмше молдалардың болғаны анық. Сол қоғамда діни алауыздық тудырып, дінді өзгелерге тұрпайы етіп көрсеткен дін адамдарын Сәдуақас қажы Ғылмани былай бөліп қарастырады:

«Сол оқып жүрген кезімде, елге келгенімде тағы да ол Мұқат хазіретке кездескенімде менен «Сура-и Ибраһим»-де 3 аят: **«Уа ма арсална мин расул илла би-лisan қаумих ли-йубаййин лахум»** аяттың тәпсірінен сұрақ қойғаны есімде. Бірақ ол туралы не деп айтқаным есімде қалмапты. Жалғыз-ақ бір сөзінде қазіргі ғұламалар үш даражада – бірі ифрат, бірі тафрит, бірі иғтидал бил-л мутауассит. Дін-і мағишат иелері тафрит, Шура иелері ифрат, ад-Дин уа-л-Адаб иесі и'тидал би-л-мутауассит. Сондықтан мен «ад-Дин уа-л-Адаб» журналын алдырамын, деген еді. Ғалымжан әл-Баруди – мутауассит, мен соны жақсы көремін, - дегенін құлағым есіткенім бар» [1, 123 б.].

1) Дін-і мағишат иелері – *тафрит*. Бұл қарапайым халықтың діни түсінігінің таяздығынан *тәфритке*, яғни, діни міндеттерді орындауда нұқсандыққа, қателікке ұрынуын айтып отыр.

2) Шура иелері – *ифрат*. Бұл діни білімі терең, кеңесе отырып, келелі мәселелерді шешуге қабілетті (халық солай деп сенетін) адамдардың дінде астамдыққа, әсірешілдікке ұрынғанын, өзгелерге дінді құбыжық етіп көрсетіп жүргендерін айтады.

3) ад-Дин уа-л-Адаб иесі – *и'тидал би-л-мутауассит*. Бұл шынайы дін ғалымы. Алған біліміне лайық өмір сүріп, орташа қалыптан аумай, өзгелерді де сол білімі арқылы хикметпен сусындата білген жан.

Сәдуақас қажы Ғылмани өзіне Мұқат хазіреттің Құрандағы «**Біз әр пайғамбарды қауымына ақиқатты ашып түсіндірсін деп, тек өз қауымының тілінде сөйлейтін етіп жібердік**» [7, 14/4] деген аятты келтіре отырып, дін адамдарын үшке бөліп қарастырады. Әрі аталмыш аяттың тәпсірі негізінде әр халықтың өз әдет-ғұрпын, өмір сүру дүниетанымын басты назарға алып, дінде әдептіліктен аспайтын орта қалып (ад-Дин уа-л-Адаб иесі *и'тидал би-л-мутауассит*) жолын ұстануды насихаттағанын, өзі де осы көзқарасты жақтайтынын айтады.

Қорытынды

Сәдуақас қажы Ғылмани өз заманындағы ғалымдардың өмірбаянын жазу арқылы оларды келер ұрпаққа танытты. Өз араларындағы «Ақида», «фикһ» және «сопылық» мәселелерінде астамдық пен нұксандыққа барған қателіктерін де ескерусіз қалдырмай, қандай мәселеде қателесті, шарғи нақты жауабы мен дәлелі не? деген сұрақтарға да жауап беріп отырған. Осы себепті, бұл еңбекті қатардағы бір «Ғұламалардың ғұмыр тарихнамасы» ғана емес, сол кезең үшін де, бүгінгі күн үшін де нақты шешімі айтылуы тиіс көптеген мәселелердің басы ашылып түсіндірілген әрі сол түсіндірмелерге тағы да кеңінен түсіндірмелер жазылуы керек болған бірден-бір құнды еңбек деуге болады. Сонымен қатар, осы дінде әдептіліктен аспайтын орта қалып (ад-Дин уа-л-Адаб иесі *и'тидал би-л-мутауассит*) әдіс-тәсілімен жұмыс істеуді үрдіске айналдыру бүгінгі күннің маңызды мәселесі екені сөзсіз. Өйткені, дінді бұрмалап, өздерінің радикалды көзқарастарына лайықты етіп түсіндіру қоғамның індетіне айналып бара жатқан мына алмағайып заманда дін мәселесіне өте мұқият қарап, діннің мәніне лайық сара жолы бір жүйеге келуі керек. Міне, осы тұрғыдан бұл кітаптың қыры мен сырын ашу жолында әлі де кең көлемде зерттеулер жасалуы керек деген ойдамыз.

Әдебиеттер тізімі

1 Ғылмани С. Заманамызда болған ғұламалардың ғұмыр тарихтары. I том / F 96 Жауапты шығарушылар: Ә.Қ. Муминов, А.Дж. Франк. Кіріспе, қазақшаға және ағылшыншаға аударма, түсіндірмелер мен көрсеткіштерді дайындағандар: Ә.Қ. Муминов, А.Дж. Франк, А.Ш. Нұрманова, С. Моллақанағатұлы, Ү.А. Өтепбергенова, Т.Ж. Жұманов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2015. – 576 б.+ 8 жапсырма.

2 Минһажус-суннатин Нәбәуя. [Электронный ресурс]. URL: <http://www.aqaed.com/faq/5486/> (қаралған күні: 22.03.2022).

3 Хасан ибн Әби Бәкір әл-Мақдаси. Ғаятул-марам фи шархи Бәхрил-кәләм. – Каир: Мәктаба азһария лит-Турас баспасы, 2011. – 870 б.

4 Мұхаммад Зәки Ибраһим. Ұсулул-ұсул. – Ихяү турас әс-Суфи баспасы, 2005. – 408 б.

5 Әділбаев А. Жетісі, қыркы және жылын беру шарифатқа қайшы ма? [Электронный ресурс]. URL: <https://kazislam.kz/zhetisi-kyrky-zhane-zhylyn-beru-shari-atka-kajshy-ma/?lang=ru> (қаралған күні: 12.03.2022).

6 Қасым А. Қайтыс болған адамның «жетісін» немесе «қырқын» берудің шаригатта негізі бар ма? [Электронный ресурс]. URL: <http://islam.kz/kk/questions/aqida-senim/qaitys-bolgan-adamnyn-jetisin-nemese-qyrqyn-berudin-sharigatta-negizi-bar-ma-781/#gsc.tab=0> (қаралған күні: 05.03.2022).

7 Құран Кәрім: қазақша түсіндірмелі аударма. Ауд. Әкімханов А., Анарбаев Н. – Алматы: Көкжиек баспасы, 2015. – 624 б.

Transliteration

1 Gylmani S. Zamanamyzda bolgan gulamalaryn gumyr tarihtary [Life Stories of Contemporary Scholars]. I tom / G 96 Zhauapty shygarushylar: A.Q. Muminov, A.Dzh. Frank. Kirispe, qazaqshaga zhane agylshynshaga audarma, tusindirmeler men korsetkishterdi dajyndagandar: A.Q. Muminov, A.Dzh. Frank, A.SH. Nurmanova, S. Mollaqanagatuly, U.A. Oteybergenova, T.ZH. Zhumanov. – Алматы: Dajk-Press, 2015. – 576 б.+ 8 zhapsyrma.

2 Minhazhus-sunnatin Nabaujya. [Elektronnyj resurs]. URL: <http://www.aqaed.com/faq/5486/> (qaralghan kuni: 22.03.2022).

3 Hasan ibn Abi Bakir al-Maqdasi. Gayatul-maram fi sharhi Bahril-kalam. – Kair: Maktaba azhariya lit-Turas baspasy, 2011. – 870 б.

4 Muhammad Zaki Ibrahim. Usulul-usul. – Ihyau turas as-Sufi baspasy, 2005. – 408 б.

5 Adilbaev A. Zhetisi, qyrqy zhane zhylyn beru sharigatqa qajshy ma? [Elektronnyj resurs]. URL: <https://kazislam.kz/zhetisi-kyrky-zhane-zhylyn-beru-shari-atka-kajshy-ma/?lang=ru> (qaralghan kuni: 12.03.2022).

6 Qasym A. Qajtyz bolgan adamnyn «zhetisin» nemese «qyrqyn» berudin sharigatta negizi bar ma? [Is There a Basis in Sharia for Giving «Seven» or «Forty» of a Deceased Person?]. [Elektronnyj resurs]. URL: <http://islam.kz/kk/questions/aqida-senim/qaitys-bolgan-adamnyn-jetisin-nemese-qyrqyn-berudin-sharigatta-negizi-bar-ma-781/#gsc.tab=0> (qaralghan kuni: 05.03.2022).

7 Quran Karim: qazaqsha tusindirmeli audarma [The Holy Qur'an: an Explanatory Translation in Kazakh]. Aud. Akimhanov A., Anarbaev N. – Алматы: Kokzhiiek baspasy, 2015. – 624 б.

Оқан С., Бағашаров К.С., Шәдекұлы Н.

Богословский анализ проблемы суфизма в работе «Истории жизни ученых современности»

Аннотация: Данная статья посвящается изучению религиозных идей и суждений общественного и религиозного деятеля, поэта, переводчика Садуакаса кажы Гильмани, указанных в произведении об «Истории жизни современных ученых». В этом произведении раскрываются сведения о религиозных установках ученых XIX-XX вв., особенно обосновываются факты, связанные с тем, что ученые тех времен следовали ханафитской школе юриспруденции и выстраивали вероубеждение по принципам Матуриды. Кроме того, данное произведение описывает некоторые вопросы суфизма, которые вызывали споры среди богословов того времени. С. Гильмани много задавался вопросами о том: «Почему мы приветствуем Пророка Мухаммеда?», «Подавал ли имам Абу Ханифа руку духовному наставнику?» и «Могут ли мертвые помочь живым?» Взвешивая ответы на богословские вопросы, ученый пытался выстроить более обоснованные доказательства. Сформированные на основе его суждения концепции до сих пор не теряют актуальность в современном казахстанском обществе. Особенно общественное внимание притягивает

его суждения о следующей суре Корана: «Каждого пророка мы послали говорить к своей пастве, чтобы он мог говорить истину на языке своей паствы». Садуакас Хаджи Гильмани на основе вышеуказанной суре приводит мысль о том, что существуют три группы духовенства: те, кто зашел слишком далеко, те, кто совсем не взшел к пути, и те, кто в умеренном пути. Он предпочел последнее в качестве важнейшего из этих путей. И на основе толкования этого стиха, ученый подчеркнул необходимость следования по умеренному пути, в рамках которого каждому народу не стоит терять свои обычаи и образ жизни. Главное он призывал к сохранению нравственности в религии и не отклоняться от нормы.

В целом авторы данной статьи посредством подробного анализа произведения С.Гильмани пытаются вывести его интерпретацию в свете современности, произвести переоценку его мыслей в текущем контексте религиозного дискурса, тем самым осуществить раскрытие его идей на волне смыслов нового поколения.

Ключевые слова: Садуакас Хаджи Гылмани, гуламы, ханафитский мазхаб, Акида Матуриди, суфизм, приговор, рукопожатие, тауессул, арвах, салауат.

Okan S., Bagasharov K., Shadekuly N.

Theological Analysis of the Problem of Sufism in the Work «Life Stories of Modern Scientists»

Abstract: This article is devoted to the study of religious ideas and judgments of a public and religious figure, poet, translator Saduakas kazhy Gilmani, indicated in the work about the «Life History of modern scientists». This work reveals information about the religious attitudes of scientists of the XIX-XX centuries, especially substantiates the facts related to the fact that scientists of those times followed the Hanafi school of jurisprudence and built a belief based on the principles of Maturidi. In addition, this work describes some issues of Sufism that caused controversy among theologians of that time. Gilmani asked a lot of questions about: «Why do we greet the Prophet Muhammad?», «Did Imam Abu Hanifa give his hand to a spiritual mentor?» and «Can the dead help the living?» Weighing the answers to theological questions, the scientist tried to build more reasonable evidence. The concepts formed on the basis of his judgment still do not lose relevance in modern Kazakh society. Especially public attention is attracted by his judgments about the following surah of the Quran: «We sent every prophet to speak to his flock so that he could speak the truth in the language of his flock.» Saduakas Haji Gilmani, based on the above surah, suggests that there are three groups of clergy: those who have gone too far, those who have not ascended to the path at all, and those who are on a moderate path. He preferred the latter as the most important of these paths. And based on the interpretation of this verse, the scientist stressed the need to follow a moderate path, within which each nation should not lose its customs and way of life. Most importantly, he called for the preservation of morality in religion and not deviate from the norm.

In general, the authors of this article, through a detailed analysis of S. Gilmani's work, are trying to deduce his interpretation in the light of modernity, to reassess his thoughts in the current context of religious discourse, thereby revealing his ideas in the wake of the meanings of the new generation.

Keywords: Saduakas Haji Gilmani, ghulams, Hanafi madhhab, Akida Maturidi, Sufism, sentence, handshake, tauessul, arvah, salauat.